

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 42 (953) 22 қыркүйек 2023 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

МЕМЛЕКЕТ ПЕН БИЗНЕСТІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ ЖАҢА ҮЛГІГЕ КӨШУГЕ ТИІС

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Ақорда» резиденциясында отандық бизнес өкілдерімен кездесу өткізді. Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында елімізді дамытуға арналған тың тәсілдер ұсынғанын еске салды.

– Біз экономиканың өсімін кемінде 6-7 пайызға жеткізіміз керек. Ол үшін бизнестің жеке бастамаларына барынша қолдау көрсету қажет. Осы бағытта біраз шаруа атқарылды. Дегенмен кәсіпкерліктің даму қарқыны әлі де болса бәсең, өз әлеуетіне сай емес деуге болады. Бір сөзбен айтқанда, бізге шын мәнінде сапалы серпіліс қажет. Ең алдымен, мемлекет пен бизнестің қарым-қатынасы мүлде жаңа үлгіге көшуге тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысы мемлекет пен бизнесті жаңа «қоғамдық шарт» жасауға шақырды. Бұл шарттың мәнін былай сипаттауға болады: Мемлекет бизнестің дамуы үшін барынша қолайлы жағдай жасайды және жекеменшіктің толық қорғалуын қамтамасыз етеді. Өз кезегінде кәсіпкерлер өздеріне жүктелген міндетті, атап айтқанда салық төлеу, экономикаға инвестиция құю, жұмыс орындарын ашу, қызметкерлеріне қолайлы еңбек орта қалыптастыру секілді міндеттерді адал орындайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Президенттің айтуынша, мемлекет пен бизнес арасындағы қатынас өзара сенімге негізделуі қажет.

– Мемлекеттік аппарат әрбір бизнесменге заң бұзушы ретінде қарамауы керек. Мұндай ұстаным, түптеп келгенде, басқарудың репрессивті сипатына алып келеді. Мемлекет кәсіпкерлерге көмектесуге міндетті. Мұны ерекше атап өткім келеді: кәсіпкерлерге көмектесу керек. Ал кәсіпкерлер шағымданушы немесе қолдауға мұқтаж рөлінде көрінбей, мемлекеттік аппараттың тең құқылы серіктесіне айналуға тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Сонымен қатар Президент жуық арада шешуді қажет ететін басым міндеттерге тоқталып, ең ал-дымен, заң үстемдігін және жекеменшіктің қорғалуын қамтамасыз ету қажет екенін атап өтті.

– Қылмысқа, оның ішінде экономикалық сипаттағы қылмысқа қарсы күрес тек қана заң аясында жүргізілуі керек. Мұндай асырасілтеушілік мемлекеттің мүддесіне ғана қайшы келмейді, сонымен қатар Қазақстанның абырой-беделіне нұқсан келтіріп, менің бастамаларыма халықтың сенімін азайтады. Біз қадағалаудың теңгерімді механизмін қалыптастыруымыз қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысы заңгерлер және кәсіпкерлер қоғамдастығымен өз алдына бөлек кассациялық инстанция құру мәселесі жөнінде кеңес өткізу қажеттігі пісіп жетілгеніне назар аударды.

– Судьялар корпусы бұл қадам азаматтардың құқықтарын сапалы қорғауға мүмкіндік береді деп санайды. Президент Әкімшілігі аталған мәселені қолға алады. Кассациялық сотты құру жөнінде ортақ пікірге келсек, сот жүйесінің бюджетін арттыруға жол бермейміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Президенттің айтуынша, сот шешімдерінің 60 пайыздан астамы азаматтар мен бизнестің пайдасына шешіледі. Бұған қоса мемлекеттік аппараттың бизнесті сотқа жүгінуге мәжбүр ететін кемшіліктерді түзету жұмыстары тиісті деңгейде жүргізілмейді. Осыған байланысты Үкіметке Жоғарғы сотпен және Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, мемлекеттік органдар қызметіндегі теріс әрекеттерге мұқият талдау жасап, оларды жою үшін пәрменді шаралар қабылдауға тиіс. Қасым-Жомарт Тоқаев активтерді қайтару кезінде мемлекет пен бизнестің мүдделері арасын дағы теңгерімді сақтауды келесі басымдық ретінде атап өтті.

– Таяуда активтерді қайтару жөнінде заң қабылданды. Бұл заң активтерді қайтару шараларын бір мақсатқа жұмылдыруға бағытталған. Яғни бұл – шын мәнінде, қоғамдық келісім актісі. Түптеп келгенде, бұл шара экономикамызды сауықтырып, әлеуметтік жікке бөлінушілік пен адамдар арасындағы алшақтықтың алдын алуға тиіс. Адал бизнеске, шетелдік және отандық инвесторларға бұдан қауіптенудің еш реті жоқ, – деді Президент. Мемлекет басшысы еліміздің әлеуетті кәсіпкерлерін металлургия, химия, машина жасау және басқа да салаларда ірі жобаларды жүзеге асыруға атсалысуға шақырды.



– Сіздерде қаржы да, тәжірибе де жеткілікті, әлемдік нарықтарға шығатын байланыстар да бар. Сондықтан осындай жобаларды жүзеге асыру мәселесін қарастыруға шамаларыңыз жетеді. Елдің дамуына қаржы құюға дайын екендеріңізді көрсетіңіздер. Адал әрі өз еліне пайданды тигізсем деген ниеттегі бизнес әрдайым құрметке лайық және олар мемлекеттің қорғауында болады. Ашығын айтайын, жоғарыда айтылған өндірістерге инвестиция салу активтердің түп төркінінің заңдылығын дәлелдеуге талпыныс ретінде қарастырылады. Егер сіз ие болған капитал тек меншік иесіне ғана емес, сондай-ақ ұлттық экономиканың игілігіне және Қазақстанның өркендеуіне қызмет етсе, онда бұл – ақшаның қайдан келгені жөніндегі сұрақты күн тәртібінен алып тастауға жақсы себеп. Алайда мұндай мәмілеге келу мүмкіндігі барған сайын азайып келеді. Оны да түсіну керек, – деді Президент. Қасым-Жомарт Тоқаев экономиканы ынталандыратын әділ салық саясатын жүзеге асыру қажет екенін тағы бір маңызды міндет ретінде атап өтті.

– Салық органдары кәсіпкерлерді жаппай сотқа тартып жатыр. Атап айтқанда, келісімдерді жарамсыз деп тану жөнінде талап-арыз көп беріледі. Соттардың жүктемесі едәуір артты. Оларға салықтың дұрыс төленуін тексеру міндеті де жүктелді. Бұған жол беруге болмайды. Жағдайды түзеу үшін шаралар қажет. Жалпы, бізде салық қызметі мейлінше тиімді жұмыс істейді. Үкімет жаңа Салық кодексінде салықтан жалтаруға қарсы іс-қимылдың тиімді механизмін қарастыруы керек, – деді Мемлекет басшысы. Президент салық түсімдерінде елеулі сәйкессіздік бар екеніне тоқталып, салық саясатын жетілдіру қажеттігін айтты.

– Еліміздегі салықтың 80 пайызын 260-қа жуық компания төлейді. Бұл теңгерімсіздікті басқа салық төлеушілердің салықтық түсімін арттыру арқылы түзеу керек. Сарапшылардың бағалауына сәйкес елімізде жұмыспен қамтылған жалпы халықтың төрт миллионы табысынан салық төлемейді. Жеңілдетілген салық режимі енгізілгеніне қарамастан, микро және шағын бизнес субъектілері ақша айналымын жасырады және азайтып көрсетеді. Бизнес субъектілерінің 70 пайызға жуығы жеңілдетілген декларацияда бес миллионнан аз табыс көрсетіп, осы режим аясында түсімдердің 6 пайызын ғана төлейді. Сондықтан салық процедураларын жеңілдетіп, халықпен және бизнеспен тиімді қарым-қатынас жасау арқылы белсенді салық төлеушілерді көбейту жаңа салық саясатының негізгі мақсаттарының бірі болуға тиіс. Салық төлеуден жалтарудан, тексеруші органдармен тіл табысып, тәуекелге барудан гөрі салық төлеу тиімді әрі оңай болуы керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысы нақты индустрияландыруды қамтамасыз етуді келесі маңызды міндет ретінде айқындады.

– Күрделі және орнықты экономикаға өнімді орташа және жоғары деңгейде өңдеу сегменттерін белсенді игеретін өңдеу өнеркәсібі негіз болатыны белгілі. Сонымен қатар бұл бағытта кедергілердің көптігі

кәсіпорындар «ғұмырының» ұзаққа созылмауынан байқалады. Елімізде екі жылдың ішінде ашылған компаниялардың төрттен бірі ғана нарықта қалады. Салыстырар болсақ, бұл көрсеткіш басқа елдерде 70-80 пайызға тең. Көп жағдайда бұл Қазақстандағы бизнес-ахуалдың әлі де жетілмегенін көрсетеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысының пікірінше, мұнай сервисі саласы отандық экономиканы әртарапандырудың және өсімді қамтамасыз етудің негізгі тетігі болуы керек.

– Бүгінде Теңіз, Қашаған және Қарашығанақ кен орындарындағы жобаларды жобалаумен басқа мемлекеттер айналысып жатыр. Бұл Теңіз кен орнын келешек кеңейту жобасына да қатысты. Жобалық шешімдерде импорттық материалдар мен құрылғылар есепке алынатыны түсінікті. Бұл отандық өндірушілердің мұнай-газ саласындағы жобаларды жүзеге асыру мүмкіндіктерін шектейді. Ірі жобалардағы (Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ) тауарлардың жергілікті үлесі 5 пайызға да жетпейді. Үкімет жергілікті инженерлер мен компанияларды міндетті түрде тарта отырып, жобалық дизайн-офистерді Қазақстанға көшіруге ықпал етуге тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Орта кәсіпкерліктің дамуын жеделдету – келесі маңызды міндет. Президенттің айтуынша, Қазақстанда шағын және ірі бизнес үшін өте жақсы жағдай жасалған. Сонымен қатар шағын бизнес кәсіпкерліктің аса маңызды саналатын орта буынына көшу үшін ынталандыру жұмыстары жетіспейді.

– Орта кәсіпкер, біздің бақылауымыз бойынша, әлдеқайда ширақ, мобильді және құбылмалы нарықтық жағдайларға тез бейімделеді. Кейінгі 7 жылда ЖІӨ-дегі шағын және орта кәсіпкерлік үлесінің өскені байқалады. Бірақ бұл динамиканың негізгі қозғаушы күші – шағын кәсіпкерлік субъектілері. Олардың саны 46 пайызға көбейді. Осы орайда орта кәсіпкерлік тек 0,5 пайызға өсіп, экономикадағы үлесін 5 пайыздан 6,2 пайызға дейін арттырды. Бұл ретте ЭЫДҰ елдерінің оның үлесі орта есеппен 18 пайызға тең, ал келелеген мемлекеттерде одан да жоғары, яғни 26 пайызға дейін. Дәл осы орта бизнесті, әсіресе өңдеу өнеркәсібіндегі кәсіпкерлікті қолдау үшін елімізде әлі күнге дейін ешқандай ерекше жағдай жасалмаған, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысы Жолдауда кәсіпкерлік субъектілерін ынталандыруға бағытталған бірқатар тапсырма бергенін еске салды. Атап айтқанда, мемлекеттік қаржылық қолдаудың ерекше шараларын ұсыну, сондай-ақ стандартты салық режимінде жұмыс істейтін бизнес үшін мемлекеттік тендерлерге жеңілдікпен қол жеткізу мәселелерін пысықтау керек. Бұдан бөлек, Президент Үкіметке қолдау шараларына қатысты тетіктерді сапалы түрде жаңғыртуды тапсырды. Мемлекет басшысы «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының қызметіне қатысты мәселелерге арнайы тоқталып, Палата бизнес пен мемлекет арасындағы тиімді диалогтің негізгі өзегі болуға тиіс екенін атап өтті.

– Палатаны одан әрі трансформациялау, оны корпоративтік басқару сапасын айтарлықтай арттыру қажет. Палата кәсіпкерлердің ортақ пікірін толық жеткізіп, әлеуметтік-экономикалық реформаларды ілгерілететін ұйым болуға тиіс, – деді Мемлекет басшысы. Сонымен қатар жиында Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров, Бас прокурор Берік Асыллов, «Атамекен» ҰКП президиумының төрағасы Райымбек Баталов, Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл Рустам Жүрсінов, «Риддер тау-кен шахта жабдығы зауыты» ЖШС құрылтайшысы Андрей Печенин, «Қайып-Ата» ЖШС бас директоры Сырым Ертаев, «Kazdream» IT холдингінің негізін қалаушы әрі басшысы Дәурен Төлебаев, «Orient Finance Group» ЖШС акционері Руслан Шаекин, «Майлы дақылдардың тәжірибелік шаруашылығы» ЖШС директоры Фарид Әбітаев, «Конкурент-Б» ЖШС теміржолдарды жобалау және салу жөніндегі ком панияның директоры Бақытбек Қадыров, Абай облысының кәсіпкері Елена Асылбекова сөз сөйледі.

(«Егемен Қазақстан» 13 қыркүйек 2023 жыл).

ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ

Әдеп жөніндегі уәкіл – қызметтік әдеп нормаларының сақталуын және мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексіні бұзушылықтардың алдын алуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын, сондай-ақ өз міндеттері шегінде мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға консультация беретін мемлекеттік қызметші.

Әдеп жөніндегі уәкіл өз қызметінде 2015 жылғы 23 қарашадағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына, Әдеп кодексіне, Әдеп жөніндегі уәкіл туралы Ережесіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының өзге де актілерін басшылыққа алады. Әдеп жөніндегі уәкілдің функциялары ұжымда танылған және құрметке ие болған мемлекеттік қызметшіге жүктеледі.

Әдеп жөніндегі уәкіл өз құзыреті шегінде мынадай міндеттерді жүзеге асырады:

1) мемлекеттік қызметшілерге Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының және Әдеп кодексінің талаптарын сақтау мәселелері бойынша консультативтік көмек көрсетеді;

2) мемлекеттік қызметшілердің заңдарда белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтауына ықпал етеді;

3) өзі жұмыс істейтін мемлекеттік орган басшылығының тапсырмасы бойынша мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын бұзу фактілері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды;

4) ұжымда жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес келетін қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді;

5) мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайларда оларды қорғауға және қалпына келтіруге бағытталған шаралар қолданады;

6) мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтауына мониторинг пен бақылауды жүзеге асырады;

7) мемлекеттік органның басшылығына мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелері басшыларының қызметтік әдеп нормаларын бұзу фактілері бойынша тиісті шаралар қабылдауға жағдайлар туралы хабарлайды;

8) мемлекеттік қызметшілер Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын және Әдеп кодексіні бұзған жағдайларда құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларға талдау жүргізеді және мемлекеттік органның басшылығына оларды жою жөнінде ұсынымдар енгізеді;

9) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын және Әдеп кодексіні бұзудың алдын алу және оған жол бермеу, сондай-ақ мемлекеттік қызметтің оң имиджін қалыптастыру мақсатында азаматтық қоғам институттарымен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды;

10) мемлекеттік қызметшілермен Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын және Әдеп кодексіні сақтау мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын тұрақты негізде жүргізеді;

11) заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті лауазымды адамдарға қызметтік әдеп нормаларын бұзуға жол берген мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін қарау туралы ұсыныспен жүгінеді;

12) қызметтік әдеп нормаларын бұзудың алдын алу мақсатында өзге де қызметті жүзеге асырады. Лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамауға әкеп соғуы мүмкін мемлекеттік орган басшыларының бейтараптығына (мүдделер қақтығысына) негізделген күмән тудыратын мән-жайлар болған кезде, Әдеп жөніндегі уәкіл өз қызметін дербес негізде жүзеге асырады. Әдеп жөніндегі уәкіл мемлекеттік қызметшілерді және өзге де азаматтарды оның функцияларына жатқызылған мәселелер бойынша жалпыға бірдей көруге болатын орындарда орналастырылған кестеге сәйкес қабылдауды жүзеге асырады.

Қажет болған жағдайда азаматпен немесе мемлекеттік қызметшімен әңгімелесу телефон арқылы не ақпараттық тиісінше берілуін қамтамасыз ететін басқа да коммуникация құралдарын пайдалана отырып жүргізілуі мүмкін.

Әдеп жөніндегі уәкілге қызметшілер мен азаматтар проблемалық жағдайларды реттеу, әріптестермен өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдесу бойынша кеңес беру үшін көмек сұрай алады.

Этикалық бақылау және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тетіктерін үнемі жетілдіру мемлекеттік қызметтің оң имиджін нығайтуға оң әсерін тигізетіні сөзсіз. Мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлқының негізгі стандарттарын белгілеу және олардың сақталуын жүйелі бақылау халықтың мемлекетке деген сенімін арттыруға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мен қызметтік әдеп нормаларының бұзылуының алдын алуға ықпал ететін болады.

Мемлекеттік қызмет туралы Заңнаманы бұзу фактісі анықталған жағдайда, Сіз бұл туралы сенім телефоны арқылы немесе қабылдауға жазылу арқылы: 21-4-86, 22-3-42 телефондары арқылы хабарлай аласыз.

Гүлбаршын БӘТЕНОВА,
Тайынша ауданы әкімі аппаратының
Әдеп жөніндегі уәкілі.

* Президент Жолдауы- жаңа экономикалық бағдар

ӘДІЛЕТ – МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ ӨЗЕГІ

Әділетті әлеуметтік саясат жүргізсек қана Мемлекет басшысы дйттеген меже – «Жаңа Қазақстанды» құра аламыз. Әділет – мемлекеттік саясаттың өзегі. Елде даму, халықта сенім болуы үшін қоғамның барлық саласы осы қастерлі қағидаға табан тірегені жөн. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» Жолдауын жүзеге асыра отыра, біз дамыған елдермен терезесі тең мемлекетті қалыптастырамыз. Осыған өзінің зор үлесін қосып келе жатқан «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасында Жолдауда айтылған түйінді мәселелердің барлығы қамтылған.

Парламент палаталарының бірлескен отырысында сөз сөйлеген Мемлекет басшысы әлеуметтік-экономикалық салада жаңа өзгерістер енгізу, ресурстар мен технологияларды пайдалану қажеттігін атап өтті. Елдің өңдеу өнеркәсібінің төмен көрсеткіштері туралы мәселе партиялық алаңдарда көтерілді, өйткені бұл сала экономиканы дамытудың маңызды факторы болып табылады. Осыған байланысты Президент экономиканы одан әрі әртарапандыру және отандық кәсіпорындардың өз шикізатына әділ бағамен қол жеткізуді қамтамасыз ету, шикізаттық емес секторларды дамыту жөніндегі міндеттерді нақты айқындады. Бұл елдің мұнай мен газға тәуелділігін төмендету жолындағы шешуші қадам болып табылады.

Президент атап өткен маңызды мәселелердің бірі – мемлекеттік сатып алудың жаңа жүйесі. Бірнеше жыл бойы партияластарымызбен қаладағы және ауылдардағы әртүрлі әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының құрылыс сапасы мен уақтылы іске қосылуын мұқият қадағалап отырғанымызды атап өткім келеді. Осы уақыт ішінде біз мемлекеттік сатып алу саласындағы қолданыстағы заңнаманың кемшіліктерін бірнеше рет байқадық. Соның салдарынан құрылыс мерзімдерін кешіктіру, сапаның төмендеуі, материалдардың, жұмысшылардың жетіспеушілігі сияқты проблемалар туындады. Мемлекеттік сатып алудың жаңа жүйесін толық енгізу бұл мәселенің оң шешілуіне септеседі.

Жолдауда шағын және орта бизнесті қолдау мәселесіне ерекше назар аударылды. Өйткені кәсіпкерлік дамыса экономикалық өсім артады, тұрақты жұмыс орындары болады «AMANAT» партиясының өңірлік сайлауалды бағдарламасын әзірлеу және қабылдау кезінде біз тұрғындарымыздың әл-ауқатын арттыруда шағын және орта бизнес саласын дамытудың маңыздылығын ескердік. Бұл бағыттағы тиісті іс-шараларды белгіледік. Мәселен, 2027 жылға дейін біз кемінде 30 мың жұмыс орнын құруды, жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерін 36 мыңға дейін ұлғайтуды, орташа еңбекақыны 339 мың теңгеге дейін өсіруді және тағы басқаларды жоспарладық.

Жолдауда Президент қозғаған тағы бір маңызды мәселе – азық-түлік қауіпсіздігі. Бұл – біздің мемлекетіміз үшін өте маңызды жағдай. Осыған байланысты агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды жандандыру қажет. Бұл тек бастапқы өңдеуді ғана емес, сонымен қатар бүкіл ел бойынша дайын өнім өндірісін ұлғайтуды қамтиды.

Солтүстік Қазақстан облысының тұрғыны ретінде Қасым-Жомарт Кемелұлы өңіріміздің сүт өндірісін дамыту жөніндегі оң тәжірибесін үлгі етіп, оны ауыл шаруашылығы

өндірісінің басқа бағыттарына тарату үшін ұсынғанына қуаныштымын.

Президент өңірлерде белсенді іске асырылып жатқан «Ауыл аманаты» партиялық бағдарламасы арқылы ауылды дамытудың маңыздылығын атап өтті. Табыс теңсіздігі мәселесін шешу, әлеуметтік әл-ауқатты арттыру және барлық азаматтар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету бойынша белгіленген шаралар Әділетті қоғам құру үшін зор маңызға ие. Бүгінгі таңда біздің облыс бойынша жобаға қатысу үшін 300-ге жуық адам өтінім берді. Ауыл тұрғындарын қолдауда бұл бағдарлама тиімді екені айқын, сондықтан біз бұл жұмысты жалғастыруымыз керек.

Біздің партиямыз «Қарызсыз қоғам» қаржылық сауаттылықты арттыру жобасын да сәтті жүзеге асырып жатыр. Президент көмекке мұқтаж азаматтарды барынша қамтуды тапсырды. Бұл маңызды жобаға қатысу үшін қаржылық болжаудың негіздерін түсіндіретін мықты қаржылық сарапшылар мен жаттықтырушыларды шақырдық. Жоба жүзеге асқан алғашқы айларда қарыздары бар ауыл тұрғындарынан оң пікірлер естідік. Сондықтан ауыл тұрғындарын көбірек қамтуды жоспарлап отырмыз. Жоба басталғаннан бері біздің өңір бойынша 3300-ден астам азамат оқудан өтті. Жалпы биыл 10 мыңға жуық солтүстікқазақстандықты қамтуды жоспарлап отырмыз.

Адами капиталды дамыту саясаты жағсады. Еліміздің экономикалық дамуы бойынша кешенді шаралардан басқа, Мемлекет басшысы еліміздің азаматтарына елеулі қолдау көрсететін мақсатты бастамаларды да атап өтті. Атап айтқанда, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақыны 85 мың теңгеге дейін көтеру, зиянды жағдайларда жұмыс істейтін адамдарға зейнеткерлік жасқа толғанға дейін көмек көрсету үшін арнайы әлеуметтік төлемдерді енгізу, сондай-ақ басқа да өзекті мәселелерді шешу туралы сөз қозғады.

Президент экологиялық тұрақтылық мәселелеріне де ерекше назар аударды. Суды үнемдеудің озық технологияларын ілгерілету және төмен көміртекті экономикаға көшу елдің табиғи ресурстарын сақтау жолындағы маңызды қадамдар болып табылады. Табиғи ресурстарды сақтау мәселесін шешу үшін партия «Жер аманаты» жобасын іске асыра отырып. Өткен жылы облыс бойынша 304 мың гектардан астам пайдаланылмаған немесе мақсатсыз пайдаланылған жерлерді мемлекеттік меншікке қайтарылды. Қабылданған шаралардың арқасында биыл кемінде 330 мың га мемлекет меншігіне өтті. Қоршаған ортаны қорғау партия мүшелерінің ұдайы назарында. Себебі табиғат – басты байлығымыз.

Қазақстанның экономикалық даму, әлеуметтік прогресс және қоршаған ортаны қорғау саласында өңірлік көшбасшы болуға әлеуеті бар. Мемлекет басшысы ел тағдырына алаңдаған әрбір азаматқа сенім білдірді. Ол еліміздің жетекші саяси күші ретінде «AMANAT» партиясына ерекше үміт артады. Мемлекет басшысының бастамаларына өз қолдауымды білдіргім келеді. Біздің партиялық қоғамдастық ынтымақтаса жұмыс істеуге және кез келген көмекті көрсетуге дайын.

Жеңіс АСАНОВ,
«AMANAT» партиясы Солтүстік Қазақстан облыстық филиалының атқарушы хатшысы.

ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ ХІ АЗАМАТТЫҚ ФОРУМЫ ӨТТІ

Өткен аптада Петропавл қаласындағы оқушылар сарайында «Жастардың бойына патриотизм мен азаматтықты қалыптастыруда мемлекеттің, қоғамның және отбасының ресурстарын біріктіру» деген атаумен өткен үкіметтік емес ұйымдардың ХІ азаматтық форумында бірқатар мәселелер ортаға салынды.

Облыс әкімі аппаратының басшысы Олжас Ыдырысов жиналғандарды форумның ашылуымен құттықтап, бұл мәжілістің берері мол екенін атап айтты. Ол Президенттің саяси жүйені модернизациялау туралы тапсырмасының қалай орындалып жатқанына тоқталып, біздің облысымызда бұл бағытта бірқатар жұмыс атқарылып жатқанын тілге тиек етті. Мәселен, үкіметтік емес ұйымдар арқылы мемлекеттік тапсырысты орындауға 228 млн. теңге бөлініп, біраз шара өткізілген. Олжас Ыдырысов көптеген жобаларды үкіметтік емес ұйымдармен бірлесе отырып қана жүзеге асыруға болатынына баса назар аударды. Бұл ретте аудан әкімдері мен бизнес өкілдерін ауылдардағы бастамаларды қолдауға шақырды. «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қаржыландыру көлемін жылдан жылға арттырып келеміз. Мәселен, 2022-ші жылы өңір бойынша 94 жоба қолға алына, биыл 303 млн. теңгеге 97 жобаны іске асыру жоспарлануда. Қазіргі таңда үкіметтік емес сектор әлеуметтік сипаттағы мәселелерді қарайтын кеңестерге белсенді қатысып жүр», – деді ол.

Форум жұмысына қатысқан делегаттар ең алдымен өңіріміздегі үкіметтік емес ұйымдар өткізген үздік әлеуметтік жобалар көрмесін тамашаладық. Атқарушы билік пен халықтың ортақ мүдде орайында ықпалдасуында қоғамдағы азаматтық белсенділігі жоғары адамдардың заң шеңберінде, белгілі ұйымдар аясында бірлескен еңбектерінің маңызы жоғары.

Өйткені бұл ортақ әрекеттер кезегінде елдегі азаматтық қоғамның дамуына жол ашады. Атқарушы билік пен азаматтық қоғам – мемлекеттің қос қанаты. Бірлесе іс атқарылса, әрқашан нәтиже болады. Форумда сөз сөйлеген спикерлер дамыған мемлекеттерде осы қол тарапқа теңестірілген мүмкіндіктің берілуі олардың өркендеуінің негізі болып отырғанын тілге тиек етті. Ресми деректерге сүйенсек, соңғы 10 жылда Қазақстанда тіркелген үкіметтік емес ұйымдардың саны 20 мыңға жуықтапты. Мамандардың айтуынша, олардың 2 мыңдайы жұмыс істеп тұрған көрінеді. Ал өңірімізде тіркелген үкіметтік емес ұйымдардың саны 500-ді құрайды. Бүгінгі таңда олардың 50-ден астамы белсенді түрде жұмыс атқарып келеді. Басым бөлігі тұрғындардың әлеуметтік мәселелерін шешуге атсалысуда. Ерекше қажеттілігі бар балалармен, көпбалалы, әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылармен жұмыс істейтін ұйымдар да бар.

Биыл Президенттің тапсырмасы бойынша елімізде үкіметтік емес ұйымдарға қолдау көрсетудің 2025-ші жылға дейінгі мемлекеттік тұжырымдамасы жасалынды. Оның аясында жастар саясаты, гендерлік білім беру, жергілікті өзін өзі басқаруды дамыту, мүмкіндігі шектеулі азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау саласында көптеген жобалар жүзеге асырылмақ. Форумның екінші бөлімінде үкіметтік емес ұйымдардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын дамыту, қоғамдық бақылау жүргізу үшін азаматтардың дұрыс шешім қабылдау сынды мәселелер бойынша диалог алаңдары ұйымдастырылды.

Айгүл МҰХАМЕТҒАЛИЕВА,
аудан әкімдігінің Ішкі саясат бөлімінің басшысы,
форум делегаты.

АТАДАН – ӨСИЕТ, АНАДАН – ҚАСИЕТ



Бала бойында ұлтымызға тән ізгі қасиеттер болса, ол ең алдымен отбасындағы ата-ананың, үлкендеріміздің еңбегінің жемісі. Ес білгеннен бері көргенім де, естігенім де, бойымызға сіңіргеніміз де үлкенді құрметтеу, әдет-ғұрыпты сақтау, мейірімділік, жақсылық, қайырымдылық, туысқа адалдық, ел-жұрт, көрші-қолаңға кең пейіл, қара қылды қақ жарған әділдік, еңбекқорлық еді. Кейін ерім Амантай екеуміздің де өмірге әкелген үш қыз, бауырымызға басқан ұлымыздың бойында осы жарқын істі жалғастырдық.

Қазақ ауылына Ресеймен шекаралас орыс елдімекенінен 40 жылдардың аяғында көшіп келген әжеміз Бәтима, әкем Серғазы, анам Күлзада қазақи салт-дәстүрді ұмытпай, оның өміршеңдігін қазақ ауылында жалғастырды. Әжем ұлтымыздың салт-дәстүріне, дініне, тіліне, ұлттық киім үлгілеріне, қолөнеріне, әсіресе алаша, тоқу, киіз басу, сырмақ тігу ісіне ерекше жан еді. Ешуақытта кір шалмайтын ақжаулық тартқан келісті келбетінде ерекше бір мейірім байқалушы еді. Жылдар салған әжімді серпілтіп жіберетіндей болып көрінетін жылы жүзімен бізге, немерелеріне құшағын жая ұмтылатын. Діни рәсімдерді бұлжытпай сақтап орындағанын, ауылдастарға үлгі еткенін көріп өстім. Бес уақыт намазын қаза жібермей, жаздың шіліңгір ыстығында да ораза ұстағанын көріп, сәресіне тұрып тәтті-дәмдісін жеуші едік. Әкеміз бен анамыз 7 баласының бойына адамгершілік дәнін егіп, сол дәннің тамырын тереңге жайғанын көріп кетті.

Біздің шаңырақта үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, ағайын-туысты жатсынбай, ауылдастар көрші-қолаңмен тұғандай араласу, жақын тарту, ата-анамыздан бізге қалған қасиет. Ата-анамыз қарапайым еңбек адамы болғандықтан, еңбектің ұлылығын бойымызға сіңірді. Анамыз бізге отбасындағы ер-азаматтың, әкенің орны қандай болуы керегін үйретіп, өз әкемізге құрмет көрсетуге ерекше еді. Сол дәстүр, сол үлкендерден алып, үйренгеніміз өмірде өзіміз отбасын құрған кезде бәрі де өз басымыздан өтті.

Бірте-бірте рухани байлығымызды дамытуға атсалыса бастадым. Өзім қызмет еткен оқу орындарында «Наурыз» мерекесі, «Тілдер» мерекесі, пән бойынша «Қазақ тілі» апталығы, салт-дәстүрге байланысты көмектер, курс өткіздім. Орыс тобындағы студенттерге қазақ тілінің құдіретін жеткізуде жұмыс істедім.

Қазір қазақ қоғамының дамуына, ұрпақ санасына қазақ халқының ежелгі рухани құндылықтарын жеткізу біздің парызымыз.

Ұрпақ тәрбиесінде белсенді болуға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуде немқұрайдылық танытпай, бойымыздағы күш-жігерімізді ұлт тәрбиесіне жұмсау әр ананың парызы, міндеті болуы тиіс.

Біздің ұлттық құндылықтарымызды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуде отбасындағы ана тілінің сақталуы ерекше орын алады. Себебі, кейінгі кезеңде аралас мектеп, өзге де мектеп көбейген кезде біздің балаларымыз технологиялық жетістіктерге байланысты көбі балабақшадан бастап орыс тіліне бейім болып келеді. Сондықтан қазақ мектебінде, қазақ сыныбында оқып жатса да балаларымыз, тіпті отбасында, қазақ әулетінде де орыс тілінде сөйлеу әдетке айналып барады. Мінеки, біз өзге тілді құрметтей отырып, өз отбасымызда ана тілін берік қоныстандырып, оны ұлттық рухымызды дамытуға үлес қосатын тілге айналдыруымыз керек. Балалардың балабақшада, мектепте, мектептен кейінгі уақыт аралығында қазақ тілінде сөйлеуіне мән беруіміз керек.

Ғайни ТОҚТАРҒАЗИНА,
«Қазақ Аналары – дәстүрге жол» республикалық
қоғамдық бірлестігінің мүшесі, ұстаз.

ЖҰЛДЫЗЫ ЖАНҒАН АРДАҚТЫ АНА

*Еңбек адамы

Социалистік Еңбек Ері, Батыр ана, Кеңестер Одағының Жоғарғы Кеңесінің депутаты, бақытын еңбектен тапқан, ізгіліктің үлгісі, батыр ана, асыл ана – Жұмағұлова Орынбасар Қасқырбайқызы – 1941 жылы дүниеге келді. Орынбасар апа елінің даңқын еңбегімен төрткүл дүниеге паш еткен бірегей тұлға. Еңбекке ерте араласқан ел анасы еңбек майданында ерлікке пара-пар істер атқарған ерекше жан.

Төгілген ащы тердің дәулеті де ретімен келе бастады. Аудан, облыс және республика көлемінде көптеген марапаттарға ие болды. Кеңес өкіметі қажырлы еңбегін ескеріп, СССР Жоғарғы Советінің Жарлығымен «Социалистік Еңбек Ері» атанды. Қазақстанның Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланып, үлкен мінберлерден сөз сөйлеп, ауыл шаруашылығының өркендеуіне үлес қосты. Есімімен-ақ тұтас бір ұлттың қадір-қасиетін, өшпейтін өнегесін, мәңгілік дәстүрі мен салтын түсіндіріп тұратын тұлғалардың, әрі санаулы асылдардың қатарында жерлесіміз Орынбасар Қасқырбайқызының орны ерекше. 15 жыл Коммунистік партия қатарында, аудандық, облыстық кеңестердің депутаты. Халық арасында мал бордақылаудың хас шебері деген атқа ие болған абзал анамыздың елдің ертеңі үшін төккен терін еске алсақ, мұқалмас жігерді, таусылмас күш-қуат тасқынын, діндеген мақсатына жетпей қоймайтын алапат ынтаны байқаймыз. Қиындықтан қорықпайтын апамыз мамандандырылған шаруашылық бірлестігінің



бір үй түтін түтетіп отырған кез болды. Бірақ, екіншіке орай, соңғы үй де ауылдан көшті. Кезінде үй басы сайын жеңіл көлік, аудан мен облыс орталығына қатынайтын автобустар да болғандықтан ауыл халқы барар жеріне еркін жететін. Ауылда балабақша мен орта мектеп те болды десек, көлденең жұрт сенбейді..... Самрат Құскенов ақын ағамыздың айтқанындай:

Ауылының біткені кімге жақсы? Тамырына болашақ балта шапқан. Бұнымызға жас ұрпақ иланар ма? Дақ түсіріп алдық қой иман, арға. Патриоттық сезімі оянғанда, Алла жар боп бір жерге жиналар ма?..

Ауыл еді - ақынның жұмақ, бағы, Ауыл тұрса, ырыс та тұрақтады.

Бірақ, ауыл құлдырап, құрып кетті, Жоқшылығы заманның бұрып бетті.

"Жол жоқ!", "Су жоқ!" - халықтың жан-айқайын, Осы күнге әкімдік бұғып жетті. Енді, келіп кім-кімді жазаласын? Жерлестерім бір-бірін бағаласын.

Демалуға баратын ауылы жоқ, Амалсыз тағдырдың жазғанына бағынасың, өзіңді сабыр сақтап жұбатасың..... Сол бір Көзашар ауылында қаншама азаматтар ер жетті, еңбек етті. Сол еңбек еткен ерлермен қатар, Орынбасар

Қасқырбайқызы да үй шаруасы мен түздегі жұмысын қатар ұстап, еңбек ете білді. Отбасында балалары тәрбие-білімдерін алып, ұлдары ұяға, қыздары қияға қонды. Бәрі жоғары білімді маман иелері болып, бүгінгі таңда сол шиемтей бір үйдің балаларының өз отбасы, кәсібі бар. Ал, аяулы ана сол балаларының ортасында, кезекпен қонаққа барып, айлап, жылдап қона жатып, отбасылық қызық-думандарының негізгі кейіпкері болып күн кешуде. Бақытты ананың ендігі арманы, немере – шөберелерінің алаңсыз, бақытты өмірі, қазақ елінің амандығы. Ананың асыл арманы - бала бойына сүйіспеншілікті, жылылықты ұялату, ата-анасын құрметтеу, адал да парасатты ұл мен қыз болуға тәрбиелеу десек, біздің бүгінгі кейіпкеріміз – сол арманы орындалған аяулы ана! Түйіндей айтқанда, Орынбасар Қасқырбайқызына ауданымыздың Құрметті азаматы атағымен қатар, бір көшенің атауы берілсе де, артық емес, нағыз игілікті іс болар еді. Ақыл-парасаттың, еңбекке деген күш-жігер, табандылықтың үлгісін көрсеткен қарапайым қазақ әйелінің есімі кейінгі ұрпаққа өнеге болуы тиіс деп білемін.

Жұлдызың жана берсін, Ардақты Ана!



майталман малшысының, мал бордақылаудың сырын терең ұққан қарапайым ананың баққан малы үнемі жоғары сапалы, қымбат бағалы болғанын талай облыстық, аудандық газет беттерінен, теледидардан көріп, тіпті мал баздарына барып өз көзіммен көрген жанның бірі менмін. Арнайы дем алатын «Қызыл бұрышта» Орынбасар апаның және бірге қатарлас еңбек еткен апалар мен ауыл азаматтарының суреттері, өткізген малдарының салмақ көрсеткіштері бойынша алған еңбек марапаттары жарқырап ілініп тұратын.

«Адал еңбек етсең, алдыңнан ақ жол ашылар, ел-жұрттың алдында еңсең биік болса, қалғанының бәрін Алла өзі жеткізер» – дейді дана халқымыз. Ел алғысына бөленген ардақты анамыз Еңбек Ері, әрі Батыр ана – Жұмағұлова Орынбасар осындай сөзге лайық жан. Отбасында жолдасы Сапарғали Жұмағұлұлы екеуі өзінің он баласымен қатар, ағайын – туыстың балаларына да жанашырлық көрсетіп, тәрбие беріп өз балаларымен өзгенің балалары қатар өскенін жерлестері жақсы біледі. Олар бақытты өмір сүрген Көзашар ауылы, кезінде Солтүстіктегі іргесі сөгілмеген таза қазақ ауылдарының бірі болатын. Көшіп кеткендер болғанымен негізгі түбірі сақталып, жиырма шақты үй, кейін тіпті

*Тарих

СЕМЕЙ ПОЛИГОНЫНЫҢ ЖАБЫЛҒАНЫНА -32 ЖЫЛ

Әлемде ашық түрде жарияланбай, құпия жүргізілген, тірі адамның жаны түршігерлік алапат соғыс қазақ жерінде ғана өтті. Ол – Семей ядролық сынақ майданы! Бұл майданның тактикасы мен стратегиясын әскери шенділер емес, ғалымдар тобы жасады. Кеңес үкіметі қалың қазақтың ортасына 456 бомба жарып, 1 миллионнан астам адамды құрбандыққа шалды. Биыл қасірет сепкен полигонның жабылғанына – 32 жыл. Әзірге Қазақстан әлемде ядролық сынақ қаруынан өз еркімен бас тартқан жалғыз мемлекет болып отыр.

40 жыл қан қақсатқан Семей полигонында жүргізілген ядролық сынақтардың жалпы саны 456 ядролық және термоядролық жарылыстан тұрды. Сынақтардың 116-сы жер бетінде және әуе кеңістігінде жасалды. Полигонда әуеде және жер бетінде сынақтан өткізілген ядролық зарядтардың жалпы қуаты 1945 жылы Хиросимаға тасталған атом бомбасының қуатынан 2,5 мың есе көп болды. Полигон аумағына Курчатова қаласы, Реакторлар кешені, «Балапан», «Сары-Өзен», «Г» (Дегелең сейсмокешені), «Ш» (Тәжірибелік алаң) сынақ алаңдары, толып жатқан басқа да ұсақ тәжірибелік алаңдар кірген. Аталған алаңдардағы сынақтар атом қаруының жойғыш қауқарын айтарлықтай арттыруға ғана емес, сондай-ақ оның жаңа түрлерін де жасауға мүмкіндік берген. 1949 жылы 29 тамызда сағат таңғы 07.00-де асқан жылдамдықпен ұлғайып бара жатқан отты шар жерді шарпып өтіп, аспанға көтерілген. Бұл КСРО-да тұңғыш атом бомбасының жарылуы еді. Жарылған ядролық қарудың салдарынан бір түп шөп те қалмады. Семейдің кең даласы қара жамылып кетті. Ал жақын жатқан ауыл тұрғындары радиациялық сәуленің сұмдық дозасын қабылдады. Бір өкініштісі, халыққа сынақ өткізілетіні туралы ескертілмеді. Тек 4 жылдан кейін, яғни 1953 жылдан бастап халыққа ядролық қарулар сынақтан өткізіліп жатқаны айтыла бастады. Семей ядролық сынақ полигонында 40 жыл бойы жүргізілген ядролық қаруды сынау адамдардың денсаулығына және табиғи ортаға орны толмас зиян тигізді. Халық арасында ауру-сырқау мен өлім-жітім көбейді. Әсіресе, өкпе мен сүт бездерінің обыры, лимфогемобластоз және басқа да қатерлі ісікті патологиялары көбейді. Семей полигонына жақын аудандарда дамуында түрлі ауытқулары бар, туа бітті мүгедек сәбилер дүниеге көп келді. Сынақ салдарынан адамдар ғана емес, жер беті де зардап шекті. Жылдан-жылға жиналған радионуклидтер жердің құнарлылығын азайтты. Деректанушы, жазушы, Семей қасіретінің куәгері Медеу Сәрсекке 1949 жылдың 29 тамызында атомдық жарылыстың жаратылысқа әкелген сойқанды былайша сипаттаған: «Бомба қойылған 30 метр құрыш болаттан құйылған мұнаның суша ағып кетуі, топырақ жалқып, қалыңдығы бір қарыс күйік қабаттың пайда болуы, жер мен көк от құйынның әлегіне түсуі, аумағы отыз шақырым даланың өртенуі (әскерилер екі тәулік бойы сөндірумен жанталасқан) сиырлар өкірген, бүркіттердің қанаты күйіп, көзі аққан, тау шыңы қаңбақша ұшқан, малдың терісі тырысып-бырысып күйіп, тырапай асқан, – дейді жазушы. Семей аумағымен қоса, Павлодар, ШҚО және Қарағанды облыстарының полигонға жақын жатқан аудандары экологиялық апат аймағы деп танылды. Қарап отырсақ, Семейдегі сынақ алаңының көлемі 18 мың шаршы шақырымнан асқан. 1989 жылдың ақпанында «Невада-Семей» қозғалысының алғашқы митингі өтті. Оны белгілі қоғам қайраткері, ақын Олжас Сүлейменов бастады. Олардың мақсаты Семейдегі атом полигонын жабу болды. Сөйтіп, 1989 жылдың 6 тамызында Семей облысының Қарауыл ауылында ядролық қаруды сынауға мораторий жариялау жөніндегі ұсыныс жасалып, КСРО және АҚШ Президенттеріне үндеу жолданды. «Сайын даламыз ядролық жарылыстардан қалтырап бітті. Сондықтан да онда ары қарай үнсіз қалу мүмкін емес. 40 жыл ішінде бұл арада мыңдаған Хиросима жарылды. Біз келешекті қауіптен күтудеміз. Уайымсыз отырып, су мен тамақ ішу, өмірге нәресте әкелу мүмкін емес болып барады. Қазақстандағы ядролық қаруды тоқтату үшін, өз үйімізде бейбітшілік пен тыныштық орнату үшін, өз құқықтарымыз үшін күресу мақсатында біз «Невада – Семей» қозғалысын құрдық,» – делінген үндеуде.

Ал қоғам белсендісі, күрескер ақын, Қазақстанның «Абай.kz» ақпараттық порталындағы «Каторгадағы» бейбітшілік ел бұрқанған шақ...» атты мақаласында бұл митингі Павлодар жұртшылығы қалай қолдағаны жайлы жазады: Олжас Сүлейменов пен қазақстандық шығармашыл зиялылар, Қазақстан әдебиетіндегі танымал тұлғалардың бейбіт бастамасына және Семей полигонының зардабына жергілікті шығармашылық адамдары бейжай қараған жоқ! Полигонды жабу және қозғалысты қолдау туралы талапхатқа облыстық партия комитетінің органы болып табылатын «Қызыл ту» (қазіргі «Saryarqa samaly») және «Звезда Прииртышья» газеттері, облыстық телевизия мен радио



журналистерінің басым көпшілігі бірден қол қойды. Қозғалыстың Павлодар облысында қанат жаюына жер-жердегі шығармашылық адамдары: Ғабит Сапаров, Қайыр Жүнісқалиев (енді марқұм), Серік Мұхтаров, Қанат Шайғазин, Өмірбек Құшманов (енді марқұм), Ризолла Бұланбаев (Май ауданы), Жұмағали Қоғабаев (Екібастұз қаласы), Сүлеймен Баязитов (Баянауыл ауданы) іс-әрекетімен де, шығармаларымен де зор үлес қосты. Солардан үлгі алған он мыңдаған соғыс және еңбек ардагері, түрлі салада еңбек етушілер, студенттер, тіпті оқушылар да бейбітшілік істі қолдауға жұмыла кірісті. Осындай сындалу кезеңде Қазақстан компартиясы Павлодар облыстық комитетінің І хатшысы, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты Юрий Мещеряковтың Семей ядролық сынақ полигонының басшысы, генерал-лейтенант А.Ильенкомен жең ұшынан жалғасатыны және антиядролық «Невада-Семей» қозғалысын қолдамайтыны аңға-рылды. Әу баста, оның атына жазған Арман ағаның хатына орай қабылдауына шақыртып, қозғалысқа деген көзқарасы дұрыс екенін айтқаны шындықпен сәйкеспеді. Павлодар қаласы Ильич аудандық партия комитетінің хатшысы (қазіргі Қазақстан компартиясы облыстық ұйымының І хатшысы) Зоя Қожанова «Невада-Семей» қозғалысының облыстық бөлімшесін құру ісіне тікелей араласып, оның құрамына тіпті қозғалысқа қарсы адамдарды: бұрын партштенеунік болған зейнеткерлерді, өз ықпалындағы дәрігерлерді, радиологтарды енгізіп жіберді. Олар облысқа белгілі эколог Тоқболат Ысқақов пен медицина ғылымдарының кандидаты Еркін Бейсенбаевтың Семей полигонының Павлодар облысына тигізетін теріс әсері жөніндегі нақты мәліметтерге негізделген топшылауын жоққа шығаруға тырысты. Осындай құрсауда қалған қозғалыс белсенділері біршама уақыт бойы қажыр-қайратын облыстық партия комитетіне қарсы жұмсауға мәжбүр болды және өздерінің жанкештілігінің нәтижесінде ғана бейбіт митингілер өткізу құқына қол жеткізді. Дегенмен, облыстық партия комитеті басшылығының «Невада-Семей» қозғалысына деген теріс ұстанымын жер-жердегі партия ұйымдарының көпшілігі қуаттаған жоқ, бірталайы қозғалысқа ашық қолдау көрсетуге кірісті. Мысалы, Май ауданы Чапаев кеңшары (қазіргі Саты ауылы) партия ұйымының хатшысы Мереке Әбілқасымов аудандық деңгейде алғашқы антиядролық митингінің ұйымдастырылуына мұрындық болды, Қызылқұрама кеңшары (қазіргі Баскөл ауылы) партия ұйымының хатшысы Қабиден Байғожин және өзгелер де бейбіт акциялардың ұйымдастырылуына белсене атсалысты. Алматы, Семей, Қарағанды тәрізді қалалар мен облыстардағыдан біршама уақыт кешірек қолға алынған және негізінен Май ауданында өткізілген антиядролық митингтер өзіндік сипаттарымен ерекшеленді. Айталық, аудан орталығы Белогорьеде (қазіргі Көкөбе) өткізілген митингте бейбіт талаптармен бірге «Невада-Семей» қозғалысын

қолдаушылардың бірі, «Қазақ тілі» қоғамы облыстық ұйымының сол кездегі төрағасы Жеңіс Мардановтың және Арман Қанидың ұсынысымен Қазақстан компартиясы Павлодар облыстық комитетінің І хатшысы Ю.А.Мещеряковқа және облыстық атқару комитетінің төрағасы Ж.Ысқақовқа сенімсіздік білдіру жөнінде қарар қабылданды. Өкінішке қарай, облыс басшылығына қатысты шешімді қозғалыстың облыстық бөлімшесінің сол кездегі төрағасы оқымай кетті. Дегенмен, көп ұзамай тележурналист ретінде облыстық телевизиядан полигон туралы «Зардап» атты хабар дайындағанында әлгі сенімсіздік туралы шешімді жұртшылыққа жария етті. Полигон түбінде өткізілген митингіде Май ауданының мәдениет қызметкері Алтынбек Әбілқасов шопандарды саяси ереуіл жасауға үндеп, «Қойларыңды қамап тастаңдар, Мещеряков пен Ысқақов келіп, өздері бақсын!» – деген қисынсыз сөз саптауға дейін барды. Егер мұндай жағдай орын алса, әрине, облыс басшылығы келіп қой бақпайтыны және аштан қырылатын мал шығынының орнын Алтынбектің толтырмайтыны белгілі жайт еді... Митингілік демократия қарқын алған сол 1990 жылдары қозғалыс сапына көлденең келіп қосылған көк аттылар көбейді, дақыртқұмар даңғазашылар тілдерін безеп шыға келді. Жеке бас араздығы бойынша аудан басшыларына тісін қайрап жүрген кейбіреу митинг мінбесінен әлгілерді аяусыз сынап-мінеп өш алды, сөйте тұра өздерін жүрек жұтқан күрескер демократ кейпінде көрсетуге тырысты. Тіпті, аупартком ғимаратының алдында бала-шағасымен бірге аштық жариялайтынын айтып, пәтер мәселесін шешуді көздегендер де бой көрсетіпті. Жылдар бойы үнсіздік сақтап келген халық бірауыздан «ядролық қаруға жол жоқ!», «Сынақтар тоқтатылсын!» деп көтерілді» деп сипаттайды сол кездегі оқиғаны Арман Қани.

Семейде және еліміздің өңірлерінде өткізілген митингтің нәтижесінде полигондағы сынақтар азая бастады. Алғаш рет КСРО Үкіметі ядролық қаруды сынауға тыйым салу, яғни мораторий жасау туралы шешімге келді. Еліміздің егемендігі туралы декларацияда Қазақстан Республикасы «ядросыз аймақ» деп жария етілді. 1991 жылдың 28 тамызында сол кездегі Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Семей полигонын жабу туралы жарлық шығарды. Сөйтіп 450-ден астам жарылыс жасалған әлемдегі ең ірі ядролық сынақ алаңының біріне айналған Семей полигоны біржола жабылып, 1992 жылдың мамыр айында полигон базасында Курчатова қаласындағы Ұлттық ядролық орталық құрылған болатын. Семей полигонынан кейін әлемнің түкпір-түкпіріндегі сынақ алаңдары жаппай жабыла бастады. Бұдан бөлек БҰҰ қаулысымен 29 тамыз – Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күні деп жарияланды.

Айдана БОРАНБАЕВА, кітапханашы.

МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТІ СЕССИЯСЫ ӨТТІ

Қыркүйектің 15 жұлдызында сегізінші шақырылымның кезекті сессиясы өтті. Күн тәртібіне 5 мәселе шығарылды. Сессия жұмысына аудан әкімінің орынбасары Е.Е.Дюсембин, депутаттар, аудан әкімдігінің мүшелері, қала, ауыл әкімдері мен ауданның мемлекеттік мекеме басшылары, аудандық қоғамдық кеңес мүшелері қатысты. Сессия жұмысына аудандық мәслихаттың төрағасы С.М.Бекшенов қатысты. Сессияны мәслихат депутаты Ю.Красноголовый жүргізді. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы 1 қыркүйекте Парламент сессиясының ашылуында өзінің «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты» атты жолдауын таныстырды. Бұл бағдарламалық құжатты тек депутаттық корпус, Үкімет қана емес, сонымен бірге елдің барлық әлеуметтік белсенді халқы күткені түсінікті, өйткені онда ел алдында тұрған ең өзекті мәселелер шоғырланып, оларды шешу жолдары белгіленеді. Сессия барысында "Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары" Жолдауында көтерілген негізгі мәселелер, үш жыл мерзімде орындалуға жататын міндеттер және оларды іске асыру тетіктері мен жолдары талқыланды. 2023-2025 жылдарға бекітілген аудан бюджеті бойынша экономика және қаржы бөлімі басшысының м.а. О.В.Солоняра ақпарат берді. Сессия барысында сөз алған Теңдік ауылдық округінің әкімі Е.К.Қасқұлақов халық қалаулылары алдында ауылдық округтің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныс жасады.

Сессия барысында өзекті мәселе Тайынша ауданы әкімдігінің шешімімен және СҚО Тайынша ауданы мәслихатының бірлескен қаулысының негізінде Тайынша қаласының құрамдас бөліктері қайта аталды: К.Маркс көшесі - Желтоқсан, Коммунистическая көшесі - Татулық, Комсомольская көшесі - Жастар, Крупская көшесі - Көктем, 50 лет Октября көшесі - Шоқан Уалиханов, Пролетар көшесі - Абай, Советская көшесі Кеңесары, Фурманова көшесі - Достық, Чапаева көшесі - Жамбыл, Энгельса көшесі - Бірлік, Пугачева қиылысы - Ынтымақ болып өзгертілді.

Жолдау жүктеген міндеттер аясында осы сессияға күн тәртібінде белгіленген және өзге де мәселелер халық қалаулыларына ұсынылды.

АУДАН ӘКІМДІГІНІҢ ОТЫРЫСЫНДА МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ

19 қыркүйек Тайынша ауданының әкімі Берік Әлжановтың төрағалық етуімен аудан әкімдігінің отырысы өтті.

Отырыста қаралған мәселелердің қатарында, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында қойған міндеттерді жүзеге асыру, кәметке толмағандар арасында тәрбие беру және ерте жүктіліктің алдын алу, темекі шегудің, алкогольизмнің және нашақорлықтың алдын алу жөніндегі шаралар, сондай-ақ барлық деңгейдегі әкімдердің халықпен кездесулерінде айтылған ұсыныстар мен ескертулерді іске асыру жөніндегі іс-шаралар болды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында қойған міндеттерді жүзеге асыру бағытында Тайынша ауданы әкімдігінің Ішкі саясат бөлімінің басшысы А.Б.Мұхамбетғалиева баяндама жасады. Осы

ретте аудан әкімі тарапынан аудандық ішкі саясат бөліміне Жолдауда белгіленген тапсырмаларды жүзеге асыру туралы ақпаратты жариялау бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында, мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарында тұрақты негізде жұмыс жүргізу бойынша тапсырма берілді.

Өз кезегінде аудандық білім бөлімінің басшысы Г.С.Игібаева, Тайынша агробизнес колледжі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының м.а. О.Зинченко және басқа сөз алғандар осы бағытта есеп берді.

Күн тәртібіндегі үшінші сұрақ бойынша Тайынша қаласының әкімі мен ауылдық округтердің әкімдеріне халықпен кездесулер барысында айтылған ұсыныстар мен ескертулерді іске асыру жөніндегі іс-шараларды орындау жөніндегі жұмысты жалғастыру ұсынылды.

ЖҰРТҚА ПАЙДА ТИГІЗГЕН

Белгілі бір тұлға туралы әріптестерінің жағымды ой толғап, оң пікір қалыптастырып жатуы – оның қызмет бабындағы кәсібилігін көрсетіп қана қоймай, үлкен адамгершілік иесі екенінен де хабар берсе керек.

Бүгінгі уақытта қызметте жүрген әйел затының кезігетін мәселесі сан алуан. Олар қай салада еңбек етсе де, дара болмысымен ерекшеленеді. Қазақ халқының ерте заманнан бері әйел затына, анаға деген құрметі шексіз ғой. Оны әлемнің бар асылына теңеп, қандай да бір істі ананың ақ батасынан бастаған, бақытын оның разылығынан тапқан. «Алып анадан туады» дегенді еш уақытта естен шығармаған ата-бабаларымыз анаға деген құрметті бір ауыз сөзбен жеткізген. Иә, біздің кітапханада еңбек ететін қызметкерлердің арасында әйел азаматшалар үлесі басымдау. Осынау қасиетті қара шаңырақта неше буын аяулы әріптес-апаларымыз абыроймен еңбек етіп, құрметті демалысқа шықты. Енді бірі қатарымызда әлі де еңбек етіп келеді.

Сондай тұлғалардың бірі Дәмет Байзаққызы мекемедегі ең жауапты қызметтің тізгінін қолға алып, қаржылық құжаттарды тастүйін қалыпқа келтіре жүріп, жас мамандарға тәлім беріп жүр. Олар қазір еліміздегі түрлі компаниялар мен ұйымдарда білікті кадр ретінде бақ сынап келеді.

Әдетте есепшілер адам баласымен аса тілдесуге құмартпай, керісінше, ашуын іркімей, ауыр мінезін де көрсетіп қояды деген көзқарас бар ғой. Біздің қоғамда мұндай мінез кісі баласына таңсық дүние емес, үйреншікті құбылыс болып кеткендей. Ал біздің кейіпкеріміз мұндай мінез-құлықтан мүлдем ада, жаратылысы жақсылыққа құмар, өмірін ашық бояулармен әрлеген, айналғандағыларға мейлінше мейірбандық танытудан еш танған емес.

Еліміздің көпшілік кітапханаларының ғылыми-әдістемелік орталығы болып саналатын Ұлттық кітапхана небір халықаралық, республикалық және т.б. ауқымды іс-шараларды өткізіп келеді. Соның бірі де бірегейі, 2011 жылы ҚР Тәуелсіздігінің, ТМД-ның 20 жылдығына және Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының 80 жылдығына орай, көптеген алыс-жақын шетелдік қонақтардың қатысуымен өткен ірі көлемдегі «Еуразия кітапханаларының жаңа форматы. Ақпараттық жүйелер және технологиялар» атты Халықаралық конференциясы.

Өзінің осы мекемеге келуімен тұспа-тұс ұйымдастырылған аталған іс-шараның басы-қасында Дәмет Байзаққызы жүріп, оның жоғары деңгейде өтуіне тікелей атсалысқан айрықша еңбегіне сол жолы ұжым тәңті болған-ды. «Талантты адам барлық жағынан талантты» демекші, ол қонақтарды орналастырудан бастап таратылатын ақпараттық материалдардың мазмұны мен қаржылық құжаттарға дейінгі жауапты істерді сауатты әрі тыңғылықты орындауда үлкен жауапкершілікті мойнына алды.

Дәмет Байзаққызы қолындағы істі кезек күттірместен, орайын келтіріп ойсырата тындырып, ертеңіне ернеу тартып тұрған мәселенің де жобасын жүйелеп қоятыны тағы бар. Бір қарағанда жайбарақат кейіпте жүргенімен, тілдесе кетсең, небір жарқын идеялардың бастамашысы, озық ойлардың авторын көресің. Кез-келген мәселені ұзақ сарапқа салып жатпай, әп сәтте табаға салғандай шығарып «пісіріп» беретін мінезі де сүйкімді.

Адам тағдырына оның таңдаған мамандығының тікелей әсер ететіні хақ. Ішкі әлемі мен өзіне ғана тән жан қалауымен үндесіп жатқан кәсібі өзіне өмір бойы адал азық болары сөзсіз. Сүйікті кәсібіне адал Дәмет Байзаққызындай жандардың іс-әрекетінен осыны аңғаруға болады.

Бүгінде ол мекемедегі құрылымдық бөлімдердің қызметкерлеріне бухгалтерлік есеп, бақылау, есептілік және экономикалық талдау мәселелері бойынша әдістемелік көмек көрсете отырып, қаржылық есепті ұйымдастыру бойынша ережелер мен нұсқаулықтар, оны жүргізу ережесі, құжатайналым операцияларын рәсімдеу және ұйымдастыру тәртібін табысты жүргізіп келеді. Әріптестері қаржы мәселесіне қатысты өз сауалдарына кез-келген уақытта оңтайлы жауап алып, үнемі риза көңілін білдіріп жүреді.



Әйел, бірінші кезекте отбасының ұйытқысы, берекенің қайнар бұлағы. Дәмет Байзаққызы кәсіби қызметінен бөлек сүйікті жар, аяулы ана, асыл әже. Отбасы институтының іргесі осындай тұлғалардың көмегімен бекіп отырғаны да рас. Қазақы дәстүр мен ұлттық ас-судың да қадірін біліп, үнемі насихаттап жүретіні де бар.

Кейіпкеріміздің атап өтер тағы бір қабілеті – сыңғырлаған даусымен ән салу, өлең жазу, түрлі бағдарламалар ойластырып, мерекелік шараның көркін қыздыру, айналасына позитивті көзқараспен жақсы көңіл-күй сыйлау.

Сонымен қатар, Дәмет Байзаққызы ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне қарасты мекемелердің қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізу комиссиясының мүшесі ретінде бірқатар мекемелерге кәсіби біліктілік қызметін ұсынған болатын. Ұлттық кітапхана үшін бұл мақтанш екені жасырын емес.

Қызмет барысында ол мүмкіндігінше жұмыстың замануи тәсілдерін қолдануға бейім. Көптеген қаржылық мекемелерде халықаралық қаржылық есептеу стандарттарына сәйкес бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік сатып алулар және электронды сатып алулар мен оларды қолдану тәжірибесі бойынша үнемі біліктілігін арттырып отырады. Олардың қатарында: «PARITET» Алматы кәсіби бухгалтерлер академиясы», ЖШС, «Зерде» Оқу орталығы, «АТЕ Консалтинг», «Консультант Казахстан» ЖШС және т.б. бар.

Д.Қазкенова мәдениет саласының дамуына қосқан айрықша үлесі үшін «Қазақстандық салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің «Еңбек даңқы», «Бейбітшілік әлемі» Халықаралық қазақ творчестволық бірлестігінің «Мәдениет майталманы», Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының «Кітапхана ісінің үздігі», Қазақстандық Кітапханалық Одақтың «Қазақстанның Құрметті Кітапханашысы», Қазақстан кітапханалары альянсының «Халық құрметі» төсбелгілерімен және Алғыс хаттармен марапатталған.

Адамгершілік – адам бойындағы асыл қасиет, оның рухани деңгейінің жоғары өлшемі. Мұндай келісті болмыс пен көркем мінез иесі болу әркімнің-ақ арманы. Алайда, осынау алма-ғайып өмірде көп жағдайда айналадағы дөңгеленген дүниемен арпалысып жүріп, бойымыздағы небір тәуір мінез-құлықтарымызды жоғалтып алып жатамыз. «Жаныңда жүр жақсы адам» демекші, осындай жанымыздағы игі жақсыларымыздың неге бағасын асырып, нұрын тасытпасақ!

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) «Адамдардың ең жақсысы – жұртқа пайда тигізгені» деген екен. Демек, әрқайсысымыздың қоғам алдындағы жауапкершілігіміз осы хадиспен айқындалып қойған. Орайын келтіріп, кез-келген істе артындағы әріптесіңе қол ұшын созып, білгенмен бөлісіп жүргеннің үлкен сауапты іс екенін естен шығармасақ игі еді.

Бақытжамал ОСПАНОВА,
ҚР Ұлттық кітапханасының директоры, Қазақстан
Кітапханалық одақ төрағасы.

ТЕМІР ТАПШЫЛЫҒЫ АНЕМИЯСЫ

Анемия
Қысқаша түсінік

Темір тапшылықты
анемия



Ұнды фортификациялау-темір тапшылығы анемиясының алдын алудың тиімді және қолжетімді шарасы.

Қазіргі заманғы денсаулық сақтаудың маңызды мәселелерінің бірі-темір тапшылығы анемиясы. Әр түрлі басылымдардың мәліметтері бойынша әлемде 3 миллиардтан астам адам анемиямен ауырады.

Тыныс алу процесі кез-келген организм үшін өте маңызды. Қандағы оттегін тасымалдайтын жалғыз зат -гемоглобин. Толық гемоглобинді қалыптастыру үшін ағзаға тамақ арқылы енетін темір қажет. Темірдің жетіспеушілігімен гемоглобин деңгейінің төмендеуі байқалады, яғни дене жасушаларына оттегі аз түседі, темір тапшылығы анемиясы (ТТА) пайда болады. ДДҰ сарапшылары темір тапшылығы анемиясын жоғары ана, нәресте және жалпы өлім-жітімнің жетекші қауіп факторларының бірі, сондай-ақ аурудың жағандық ауыртпалығы қауіпін алғашқы ондығында атады. Темір тапшылығы анемиясының белгілерін атайық -жалпы әлсіздік, жеңіл жаттығулар кезінде де тез шаршау, бас ауруы, терінің, еріннің, шырышты қабаттардың бозаруы, табеттің төмендеуі, дәмнің бұзылуы.

Анемияның алдын- алудың үш негізгі әдісі бар: фармакологиялық, рационалды тамақтану, сонымен қатар негізгі тағамдарды темір қосылыстарымен және дәрумендік кешенмен нығайту (байыту).

ТТА алдын алудың ең қарапайым, арзан және қол жетімді әдісі -үшінші тасіл.Қазақстан Республикасының заңнамасында тамақ өнімдерін фортификациялау тәртібі регламенттелген. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің нормасында Қазақстан Республикасының аумағында сатылатын құрамында темір бар дәрумендермен, минералдармен және жоғары және бірінші сұрыпты бидай ұнының басқа да заттарымен міндетті түрде фортификациялау белгіленген.

Фортификациялау үшін бидай ұны кездейсоқ таңдалмаған. Ұн -дәрумендер мен темірдің ең қарапайым, арзан және қол жетімді көзі. Байыту процесі ұнның дәмін, түсін, иісін өзгертпейді, пісіру сапасы қалыпты болып қалады. Фортификацияланған ұнды тұтыну қауіпсіз. Ұнды фортификациялау тек бидайды бастыру кезінде құнды шығындарды өтейді, сондықтан мұндай ұнды тұтынуға қарсы көрсетілімдер жоқ.

Бибигуль ТУЛЕУОВА,
Тайынша аудандық санитариялық-
эпидемиологиялық бақылау басқармасының
басшысы.

*Руханият

ҚАЗІРГІ БАЛА АСЫҚ ЖИНАЙ МА?

Шығыстың ғұлама ғалымы әл-Фараби «Жас жеткіншегіңізді көрсетіңіз, болашағыңызды айтып берейін» деген екен. Болашағымыз – балаларымыз, ұрпағымыз. Ата-бабамыз болашақ ұрпағының әдепті, инабатты, ибалы, батыл да батыр, ізетті болып өсуі үшін, өнеге көрсетуді, өсиет айтуды, бата беруді әдетке, дәстүрге айналдырып отырған. Ата дәстүрін ардақтау – қазақ халқының ұлттық ұжданы. «Ат тұяғын тай басар» деп, жас ұрпақты ата-бабамыздың салт-дәстүрімен тәрбиелеу қажет. Себебі қазақтың салт-дәстүрінің ішінде бүкіл халықтың мінез-құлқы, мәдениеті, дүниетанымы, тілі мен діні топтасқан. Қазақтың сан ғасырлар бойы жинаған мол мұрасы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, ұлттық ойындары – ерекше тәрбиелік мәні бар асыл қазынасы.

Қазақ халқының ұлы ойшылы А.Құнанбаев «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала болар ма?» деп айтқанындай ойын бала өмірінде ерекше орын алады. Ұлтымыздың асыл қазынасы болған ұлттық ойындарымызды жоғалтып алмай, оны кейінгі жас ұрпаққа жеткізу, насихаттау біздің міндетіміз болуға тиіс.

Қазақтың ұлттық ойындары батыл, епті, тапқыр және табанды болуға баулиды, баланың көзқарасын, мінез-құлқын қалыптастырады. Сондай-ақ балалардың қозғалу белсенділігінің дамуы, олардың денсаулығының күшеюі үшін, баланың жан-жақты дамуын көздейтін, оның тілін жаттықтыратын, белсенділігін арттыратын сан түрлі ойындарды ойлап тапқан. Ал бүгінде жас буын сол ойындардың бірін білсе, бірін біле бермейді.

Мәселен, бір ғана асық ойынын алайық. Асықпен ойналатын қаншама ойын түрі бар. Асық ойынының баланың күн ұзақ қимылына тигізер әсері мол. Ойын барысында жүгіру, илу, жүру, секіру, сақа иіру, көздеп тигізу, лақтыру, ату сияқты әр түрлі қимылдар орын алады. Ойында үнемі отырып-тұру, жүрелей отыру, тізені жартылай бүгу, жиырылу, ширғыу жас балалардың денесін шынықтырып, аяқ қолдағы буын ауруларының алдын алады. Асық ойнап өскен бала мерген, өзгелерден ептілеу, зерек, табандырақ, шыдамды болып келеді.

Қазір асық жинайтын бала кемде-кем. Асық – сойылған қойдың, арқардың, серкенің, киіктің асықты жілігінен алынады. Оны шикідей де, пісіріп те сіңірінен тазалап, пайдалануға болады. Шикі асық салмақты, берік болып келеді. Асықты кез-келген жерге тастай қалсаң, тұрғаны не алшы, не тәйке, не омпа болады да, жатса не бүк, не шік болады. Жолында омпа тұрған қазақ «жолым болады екен» деп ырымдап жатады, өйткені асық омпасынан сирек тұрады. Сондай-ақ жолы болған жанға «асығы алшысынан түсіпті» деген теңеуді де көп айтып жатады.

Ертеде ата-бабаларымыз асық ойынын балаларына жас кезінен бастап үйрете бастаған. Тіпті сәби дүниеге келмей тұра, жас нәрестенің ойнайтын асықтарын жинаған. Асықты түрлеріне қарай сақа, кеней деп бөледі. Сақаға үлкен ірі қошқар, ісек асықтарының оңқайы алынады. Кеней деген қой, ешкі, киік, қозы лақ асықтарының жалпы аты. Бұлардың өзі арқар сақа, айналсақ сақа, жымпиты сақа, тәйпек сақа, қорғасын сақа деп бөлініп жатады. Ал асық ойындарының түрі де жетерлік. Олар ханталапай, хан, көк шолақ, арқаламбай, тәйке, шықетер, шыр, бестабан ойындары, айта берсек өте көп. Бұлар бір ғана асықтың төңірегіндегі қаншама пайдалы ойындар бар екенін көрсетеді.

Қазақ халқының ұлттық ойындары қаншама. Мысалға, арқан тартыс, қол күрес, жамбы ату, ақ серек пен көк серек, бестас (шекемтас), сақина салу, белбеу тастау, ақ сүйек, ормал тастау, асау мәстек, теңге ілу секілді тағы басқа да ойын түрлері көп.

Бүгінде балалардың қозғалысы өте аз. Әрине, себебі де белгілі. Оларды қазіргі кезде телефондағы, компьютердегі батыстың түрлі атыс-шабыс ойындары көптеп қызықтырады.

Қазақтың ұлттық ойындарын көптеген орыс ғалымдары зерттеп жазған. Ал өзіміздің зерттеушілердің қатарында М.Тәнекеев, Б.Төтенаев, М.Балғымбаев, Ә.Буркитбаев есімдерін атауға болады. Зерттеуші ғалымдардың барлығы ойындардың балаларға пайдасының орасан зор екенін дәлелдеп кеткен.

М.Жұмабаев: «Ұлттық ойындарды халық мәдениетінен бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі» деп тұжырымдайды.

Келешекке адамды тәрбиелеу бәрінен бұрын ойын арқылы жүзеге асырылады. Сабақта және тәрбиеде, яғни балабақшалар мен бастауыш мектептерде ұлттық ойындарды ұтымды пайдаланса, еңбекке баулу және дене шынықтыру пәндеріне ұлттық ойындар сағатын көптеп ендірсе, болашақ ұрпаққа халықтың асыл мұрасын бойына сіңіріп, ұлттық сананы қалыптастыруға септігі тиер еді. Сондықтан балаларымыздың ойнап жатқан ойындарына да мән беріп, өскелең ұрпаққа ұлттық ойындарымызды үйрете жүрейік.

Жұмакүл БЕГІЛДАЕВА,
Әдет-ғұрып және салт-дәстүр орталығының
әдіскері.

КӘСІПКЕРЛЕРГЕ БЕРІЛЕТІН КРЕДИТТЕР: ҚАРЫЗҒА БАТПАУ ҮШІН НЕНІ БІЛГЕН ЖӨН

Бизнесті дамыту үшін кәсіпкерлер көбінесе жылдам және тиімді мөлшерлеменен берілетін қаржыландыру көздерін іздейді. Қосымша ақшалай қаражатты инвесторларды тарту есебінен, шағын бизнесті қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары немесе кредиттік ұйымдарда қарыз рәсімдеу арқылы алуға болады.

Кәсіпкер және бизнес кредит алу үшін қандай өлшемшарттарға жауап беруі керек, қаржыландыруды тартудың балама жолдары қандай және олар қай тұрғыдан неғұрлым тиімді болуы мүмкін екенін Fingramota.kz-пен бірге қарастырамыз.

Бүгінгі таңда кәсіпкерлерге берілетін кредиттік өнімдердің түрі көп. Әрбір қаржы ұйымы шағын және ірі бизнеске әр салаға қарыз беру бойынша өз талабын қояды.

Бизнеске кредит беру әдістерінің жіктелуі қаржылық өнімдердің мынадай түрлерін қамтиды:

- бір реттік қарыз;
- кредиттік желі;
- овердрафт;
- коммерциялық ипотека;
- овердрафт.

Бір реттік қарыз — бұл банктің белгілі бір бизнес мақсаттарына беретін кредиті. Мақсаттар мынадай болуы мүмкін: айналым қаражатын толықтыру, негізгі қаражатты толықтыру, берешекті қайта қаржыландыру. Әдетте мұндай кредиттердің пайыздық мөлшерлемесі төмен болып келеді және кепілге беріледі, сондай-ақ ең жоғары мөлшерлеменен кепілсіз қарыз беру түрі де бар. Сома бөліктерге бөлініп, ай сайын өтеледі, сонымен қатар мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігі де бар. Кредит берудің барлық талаптары шартта белгіленген.

Кредиттік желі — бұл жеке тұлғаларға берілетін кредиттік картонкаға ұқсас пайдалану шарттары бойынша заңды тұлғаға берілетін қарыз. Банк клиентке белгілі бір лимитті мақұлдайды, содан кейін ол барлық соманы бірден пайдалана алады немесе оны бөліктермен ала алады. Бұл ретте пайыздар қарыздың барлық сомасына емес, тек алынған және пайдаланылған бөлігіне ғана есептеледі. Кредиттік желі жаңартылатын және жаңартылмайтын болып табылады. Егер кредиттік желінің жаңартылатын лимиті болса, онда кәсіпкер борышты қайтарған кезде қарыз лимиті қалпына келтіріліп, қайтадан алуға болады. Егер желі қалпына келмейтін болса, онда лимит қалпына келтірілмейді және оны таусылғанға дейін қолдануға болады.

Овердрафт — бұл шот бойынша уақытша минусқа кету. Шоттағы ақшаңыз таусылған, жаңадан ақша әлі түспеген, алайда төлемді сол сәтте жасау керек болған жағдайларда, сіз банктің ақшасын қосымша рұқсаттар мен келісімдерсіз пайдалана аласыз. Шотқа қосылған овердрафт қосалқы әмиян ретінде қызмет етеді: контрагенттерге төлеңіз, уақытша минусқа кете тұрыңыз, ал ақша шотқа түскен кезде овердрафт автоматты түрде өтеледі және сізге белгілі бір сома қайтадан қол жетімді болады.

Коммерциялық ипотека — бұл коммерциялық және немесе тұрғын емес жылжымайтын мүлікті сатып алуға арналған ипотека. Мұндай қарыз кеңсе, сауда, қойма немесе өндірістік үй-жай сатып алуға мүмкіндік береді. Сатып алынатын жылжымайтын мүлікті кепілге бере отырып, ипотека немесе қолда бар жылжымайтын мүлікті кепілге бере отырып, кредит рәсімдеуге болады.


Лизинг — бұл істі кеңейтудің немесе кәсіпорынды түрлендірудің жеңіл әрі тиімді тәсілі. Банк сіздің сұратуларыңыз бойынша сізге қажет өтімді тауарларды сатып алады, ал сіз оларды бірнеше жыл бойы пайдаланасыз және одан кіріс аласыз. Шарт мерзімі ішінде сіз тауарлар мен жалдау ақысын біртіндеп төлейсіз. Барлығы толық төленген кезде тауарлар сіздің меншігіңізге өтеді.

Кәсіпкерлер үшін жеңілдетілген бағдарламалар Қазақстанда бүгінгі күні банктік қаржыландырудан басқа, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-тың мемлекеттік қолдауымен жеңілдетілген талаптармен кәсіпкерлер үшін қаржыландыру бағдарламалары іске асырылуда. «Даму» қоры шағын және орта бизнес кәсіпорындарына мынадай түрлері бойынша қаржылық және қаржылық емес қолдау көрсетеді:

- өңірлер мен жекелеген салалар үшін нысаналы бағдарламалар шеңберінде екінші деңгейдегі банктер арқылы жеңілдетілген кредит беру, микрокредиттік ұйымдар арқылы микрокредит беру;

- субсидиялау – банктер беретін бизнесті дамытуға арналған кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендету;

- кепілдік беру – банктердің кредиттері бойынша кепіл ретінде ішінара кепілдік беру.



КӘСІПКЕРЛЕРГЕ
БЕРІЛЕТІН КРЕДИТТЕР:
ҚАРЫЗҒА БАТПАУ ҮШІН
НЕНІ БІЛГЕН ЖӨН

Сондай-ақ исламдық қаржыландыру қағидаттарында субъектілерді қаржыландыру, шағын және орта жеке кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру да танымал болып отыр. Исламдық қаржыландыру — бұл мемлекеттік және муниципалдық жобалар үшін де, жеке жобалар үшін де қаржыландыру көзінің балама нұсқасы. Ол үшін елімізде және Астана Халықаралық Қаржы Орталығында (бұдан әрі - АХҚО) ең үздік халықаралық тәжірибелер мен стандарттарға сәйкес келетін барлық қажетті инфрақұрылым мен нормативтік құқықтық база құрылды. АХҚО-да исламдық қаржы қызметтері индустриясына ислам банктері, активтерді басқару жөніндегі компаниялар, инвестициялық қорлар, такафул - және ретакафул-компаниялар, өзге де исламдық қаржы ұйымдары, сондай-ақ исламдық қаржыландырудың жетекші халықаралық институттары арасынан қатысушылар кіреді.

Қаржыландыруды тартудың балама көздері

1. Бизнесті дамыту үшін кәсіпкер жеке инвесторларға жүгіне алады. Қаржыландырудың бұл түрінің артықшылығы жеке тәсіл және ақша қаражатын жедел алу. Алайда, бизнестен түсетін кірістер сіз бен инвестор арасында теңдей немесе келісім бойынша бөлінетінін есте ұстаған жөн. Егер кәсіпкерге бизнесті дамыту үшін жеткіліксіз соманы кепілге ұсынса, мұндай қарызды рәсімдеудің қажеті жоқ екенін білу маңызды. Компанияның балансындағы жалғыз мүлікті кепілге қойып, кейіннен қаржыландырудың жеткіліксіздігіне байланысты оларды жоғалтқаннан гөрі басқа қаржыландыру көздерін іздеген дұрыс.

2. Қажетті жабдықтарды, келік құралдарын және арнайы техниканы лизинг шарты бойынша сатып алуға болады. Лизинг шарты бойынша пайыздық мөлшерлеме нарық құнымен салыстырғанда айтарлықтай төмен болады. Алайда, кәсіпкер мүлікті толық сатып алғанға дейін лизингтік компанияның меншігінде болатынын есте ұстауы керек. Шарт бойынша міндеттемелер бұзылған жағдайда, лизинг беруші оны сот талқылауынсыз ала алады. Егер лизинг беруші банкротқа ұшыраса, қиындықтар туындауы мүмкін.

3. Кәсіпкерлер кейбір компаниялармен факторинг шарты бойынша жұмыс істей алады. Факторинг — бұл төлемді кейінге қалдыру талаптарымен жұмыс істейтін компанияларға арналған қаржылық қызмет. Факторинг туралы шартты үш тарап жасайды: кәсіпкер, тауар жеткізуші және фактор арасында. Бұл жағдайда қаржы ұйымы үшінші тарап бола алады. Факторинг шарты регрестік және регрестік емес болуы мүмкін. Регрестік – сатып алушыдан немесе жеткізушіден төлемді өз қалауы бойынша өндіріп алады, екіншісі бойынша қарыз сатып алушыдан өндіріп алынады. Кәсіпкер сыртқы қаржыландырудың кез келген көзі сияқты, факторингтің пайданы қысқартуға ықпал ететінін есте ұстауы керек. Сондықтан, Сіздің бизнесіңіз үшін оның қаншалықты оңтайлы екенін анықтау үшін, оның құнын алдын ала есептеңіз.

Кредит рәсімдеу үшін делдалдарды тартқан жағдайда, қандай тәуекелдерге барасыз?

Көбінесе кәсіпкерлер кредит алу процесін жеделдету үшін қажетті құжаттарды дайындауға көмектесетін кредиттік делдалдарға жүгінеді. Алайда мұндай делдалдармен өзара әрекеттесу күтпеген сценарийлерге әкелуі мүмкін Сіздің конфиденциалды ақпаратыңыз үшінші тұлғаларға берілуі мүмкін, бір күндік фирмаларды құру үшін және басқа да заңсыз мақсаттар үшін пайдаланылуы мүмкін.

Қорытындылай келе, кәсіпкер ықтимал жағымсыз салдарға байланысты қаржыландырудан бас тартпауы керек екенін айта кету керек. Дегенмен, оны тартуға өте абай болған жөн!

Жобаның перспективаларын талдау, құқықтық тәуекелдер мен ықтимал салдарды бағалау маңызды. Қаржыландыруды тарту жаңа мүмкіндіктер ашады, бірақ асығыс шешімдер кәсіпкерді бизнес пен мүліктен ғана емес, бостандығынан да айыруы мүмкін.

ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ МӘҢГІЛІК

Мағжанның шығармашылық жолы Қызылжар қаласында оқып жүргенде басталады. Бойында әдебиетке деген құштарлықтың ұшқыны бар жас Мағжанның жүрегіне 1909 жылы Петербург қаласында жарық көрген Абайдың тұңғыш өлеңдер жинағы орасан зор әсерін тигізеді. Абайдың жыры талапкер ақын жүрегіндегі ұшқынға алау береді Алғашқы жырларын жазды. Татар жазушысы Ғалымжан Ибрагимовтің көмегімен 1912 жылы Қазан қаласында Мағжанның "Шолпан" деп аталатын тұңғыш өлеңдер жинағы жарық көреді. 1922 жылы Қазанда ақынның таңдамалы өлеңдер жинағы кітап болып шығады.

Мағжан – лирикалық өлеңдермен қатар бірнеше көркем поэмалар жазған ақын. Атап айтқанда, "Қойлыбайдың қобызы", "Батыр Баян", "Қорқыт", т.б. поэмалары ақын талантының ерекше қырын танытады.

Әдеби шығармаларымен бірге Мағжанның қаламынан туған ғылыми еңбектер, оқу құралдары да кезінде халқының қызметіне жарап, елеулі мәнге ие болды. Жастарды оқу, білімге шақырған қаламгер педагогика саласында бірқатар еңбек жазды. 1923 жылы Ташкентте "Педагогика" атты кітап шығарды. Сонымен бірге 1928 жылы Мәскеуде төменгі сынып шәкірттеріне арналған "Сауатты бол" атты оқулығы жарық көреді.

1938 жылы жазықсыз жазаның құрбаны болғаннан кейін Мағжан шығармашылығын оқуға, жариялауға тыйым салынды. Тек еліміз тәуелсіздік алар тұстағы арнайы үкімет шешімі арқылы ғана ақынның есімі мен шығармашылық мұрасы толық ақталды. 1989 жылы ақын шығармаларының бір томдығы, 1995 жылы үш томдық жинағы жарық көрді.

МАҒЖАННЫҢ АЛҒАШҚЫ ӨЛЕҢДЕРІ

Мағжан Жұмабаевтың алғашқы өлеңдері ағартушылық сарында жазылды. Ол түсінікті еді. Мағжан өмір сүрген уақыт қаншалықты күрделі саяси, қоғамдық тақырыптарды алға тартқанымен, оның алдындағы Шоқан, Ыбырай, Абайлар бастап кеткен ағартушылық ой-пиғыл бұл кезең әдебиетінде басымдау жатты. Мағжан да Абай дәстүрінде жыр жазды, ұлы ұстаз үлгісін жалғастырды. Алғашқы өлеңдерінің бірін "Алтын хакім Абайға" деп атауының өзінен ақынның ұлы Абайды ерекше құрмет тұтқаны сезіледі. Өз өлеңдерінде қазақ арасындағы әр түрлі келеңсіз мінез-құлықты, әрекетсіздік пен жалқаулықты, сауатсыздықты сынады. Елін білім алуға, өнер үйренуге шақырады. "Жазғы таң", "Өнер-білім қайтсе табылар", "Қазағым", т.б. өлеңдерінде ақын осы тақырыпты көтереді. Мағжанның ағартушылық сарындағы өлеңдерінің арасында ел мен жер тағдырына алаңдаушылық жатады. Ақын туған елін сүйді, туған жерінің әрбір пұшпағын жүрегіне жақын тұтты. Ол:

Басқа жұрт аспан-көкке асып жатыр, Кілтін өнер-білім ашып жатыр, – дей келіп, қазақ арасында мұндай ұмтылыстың әлі де жоқ екеніне өзегі өртенеді. Қолында дәулеті бар деген бай-болыстар да, азын-аулақ оқыған төрелер де өз басының қамын ойлаумен жүр. Халықтың жайына алаңдайтын ешкім жоқ. Оқудағы шәкірттерге де дұрыс білім берілмейді. Қыз балалар малға сатылуда. Өзара дау-жанжал, айтыс-тартыс көп. Міне, Мағжанның өкініші – осылар. Дегенмен, Мағжанның ойлары мұнымен шектелмейді. Бір ұлттың өз халқының мүддесін ойлаумен ғана қалып қоймайды. Мағжанның азаматтық парасатынан туындаған арман-мақсаттар бұдан әлдеқайда биік. Туған халқы туралы айтқанда, оның кешегі өткен жолын еске алады, оны бүгінгі жағдайымен салыстырады. Онымен де шектелмей, ақын жалпы түріктік идея көтереді. Түркі тектес халықтардың бәрінің болашағына үміт күтеді, жалпы Шығысты пір тұтады. Бұл қатарда ақынның "Пайғамбар", "Күншығыс", "Түркістан", "От", т.б. тәрізді бірсыпыра өлеңдерінде түптің түбінде жақсылық атаулының бәрі де Шығыстан келмек, Батыстан торлаған қою қара бұлтты Шығыстың жарық сәулесі ғана талқандамақ. Бұл өлеңдерінде ақынның туған жерге, өз топырағына, Шығысына деген ғажайып сүйіспеншілігі, перзенттік патриотизмі айқын көрінеді. Күншығыс өлеңінде:

Қисық көзді Күншығыс, Бұл тұруың қай тұрыс? Серпіл енді, алыбым! – деп, Шығыс елдеріне ұран тастай отырып, өз ойларын әйгілі "Пайғамбар өлеңінде былайша жалғайды:

Күншығыстан таң келеді – мен келем, Көк күңіренеді: мен де көктей күңіренем. Жердің жүзін қараңғылық қаптаған, Жер жүзіне нұр беремін, Күн берем! Қап-қара түн. Қайғылы ауыр жер жыры! Қап-қара түн. Күңіренеді түн ұлы. Күншығыста ақ алтын бір сызық бар: Мен келемін, мен – пайғамбар, Күн ұлы.

Өлеңде ақын шабытының ғаламат күші қаншалықты сезіліп тұрса, ақынның Шығысқа, оның ұлдарына деген махаббаты мен мақтанышы да соншалықты жарқырап көрінеді. Мағжанның бұл тақырыптағы өлеңдерінде заман шындығы халықтың басынан өткен тарихи белестерді ойға алу арқылы түсіндіріледі. Ол Шығыстың, оның ішінде түркі елдерінің кешегі тарихына көз жібереді. Бір кезде жайлаған мекенін еске алады. "Түркістан" өлеңі соның айқын айғағы.

...Түркістан – екі дүние есігі ғой, Түркістан – ер түріктің бесігі ғой – деп басталатын өлең жолдары кешегі тарихқа жетелейді. Ертеде Тұран аталған бұл жерді мекендеген ата-бабаларымыздың өмірінен елес береді Ақын

Тұранның жері мен суын, көлі мен шөлін, өзен-суларын, тауларын, Теңізі мен Аралын, Ыстықкөлін, Жейхун мен Сейхун дарияларын, Тянь-Шаньдай, Памир мен Алтайдай тауларын ғажайып көркемдікпен суреттейді. Тұранды мекен еткен ер түріктің билері мен батырларын, ғұлама ғалымдарын, ел басқарған хандарын еске алады. Міне, осылайша бірлікте өмір сүріп, іргесін жауға бермеген түрік дүниесі бүгінде бірнеше елге бөлініп кеткен.

Көп түрік енші алысып тарасқанда, Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па? – деп, Мағжан қазақты да сол ер түріктің бір мұрагері санайды.

"Тұран", "Түркістан" деген образды бейнелер арқылы Мағжан осылайша Шығыс әлемін, бүкіл түркі дүниесін мақтан ете жырлайды. Оның бүкіл өткен жолына шолу жасай отырып, тарихтың небір ерлікке толы, бейбіт өмір жайлаған беттерін парақтайды. Оларды өз заманымен салыстырады. Көп нәрсеге көңілі толмайды. Бір кезде Тұранды мекен еткен ер түріктің бүгінде бірлігі азайған. Бас-басына ел болған, жеке халықтарға бөлініп кеткен. Шығысты дәріптейтін өлеңдерінде Мағжан осынау түркі халықтарын бірлікке шақырады. Сонда ғана Батыстан келген қиянатқа, Ресей патшасының отаршыл саясатына қарсы тұруға болатынын ұқтыруға тырысады.

Бұған дәлел – ақынның "Орал тауы" атты өлеңі. Өлең кейіпкері – Орал тауы. Мағжанның бейнелеуінде ол – бүкіл түркі дүниесінің символы.

...Аспанмен таласқан көкпеңбек таулар. Қарағай, шыршасы сыңсыған, бауырында не түрлі аңдары жортқан, қойнауында алтыны мен алмасы тұнған Орал тауы. Тау табиғатының әсем суретін сала отырып, ақын Мағжан сөзін ары қарай жалғайды:

Бір күнде сенің иең түрік еді, Орын ғып көшіп-қонып жүріп еді. Қорықпайтын таудан, тастан батыр түрік Қойыныңа жайыменен кіріп еді. Ер түрік ең далаға көрік еді, Отырса, көшсе, қонса – ерік еді. Тұрғанда бақыт құсы бастарында, Іргесі жел, күн тимей, берік еді.

Мұндағы ақынның "ер түрік" деп отырғаны – түркі дүниесі, түрік, қазақ, қырғыз, ұйғыр, татар, башқұрт, т.б. халықтардың жиынтық бейнесі. Бір кезде ең даланың көркі болған осынау халықтардың бүгінгі халі қандай? Мағжан соған үңіледі.

Оралдай атамекен жерлеріне, Қасиетті атаның көрлеріне,

Аузы түкті шет елдер ие болып, Көрсетіп тұр қысымды ерлеріне, – деп, ақын тарихи шындықты баяндайды. "Аузы түкті шет елдері" – Ресей патшалығы. Соның қысымымен бір кездегі асқақ Оралдың да жүзіне қаяу түскен. Өлеңнің соңын Мағжан бүкіл түркі жұртын бірлікке шақырумен аяқтайды:

Анамыз бізді өсірген, қайран Орал, Мойның бұр тұңғышыңа, бермен Орал!

Қосылып батыр түрік балалары, Тапталтап, жолын кесіп, тізгінге орал.

Туған халқының, түркі дүниесінің басындағы ауыр халді, мұңдана баяндаған өлеңдерінің өзін Мағжан айрықша оптимизммен қорытып отырады. Ақынның лирикалық кейіпкері – аса батыл, нені болса да кесіп айтатын өткір жан.

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар? Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар? Көкте – бұлт, жерде желмін гүлеген, Жер еркесі – желдің жөнін кім сұрар? – деп басталатын "Мен кім?" атты өлеңінде Мағжан өзінің лирикалық кейіпкерінің дәл осындай айбатты да қайратты, адал да қайсар бейнесін ашып береді. Ақынның "мені" өзін көктегі күшке, түпсіз теңізге, қызуы мол жалынға, жүйрік тұлпарға теңейді. Патшадай қаһарлы, қазыдай әділ, бидей шешен де өзі. Олай болса, оған қарсы тұрар күш бар ма?

Өзім – тәңірі, табынамын өзіме, Сөзім – құран, бағынамын сөзіме! Бұзушы да, түзеуші де өзіммін, Енді, ескілік, келдің өлер кезіңе, – деген лирикалық кейіпкер сөзінде алапат күш-жігер мен шынайы шындық қатар өрілген. Ақын өзін немесе өзінің лирикалық кейіпкерін ғана емес, айналасындағы жастарды да "арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты" қалыпта көргісі келеді. Халқының болашағы үшін күресетін негізгі күш – жастар. Олай болса, өмір бойы "алаш" ұранын көтеріп өткен Мағжан үшін жастардың орны бөлек. Өзінің "Мен жастарға сенемін" деп аталатын өлеңінде ол жас жеткіншектерге үлкен үмітпен қарайды. Жастардың бойынан қыранның қанатындай күштілікті, таза жүрек пен сүйкімді мінезді, туған жерге деген шексіз махаббатты көреді. Соған мақтанады. Шабыттана жырлайды. "Мен жастарға сенемін!" деп асқақтай сөйлейді.

Мағжан өлеңдеріндегі ең басты тақырып – ел мен жер



тағдыры. О бастан-ақ халқына азаттық өмір тілеген ақын туған елінің өткен тарихына үнемі көз жіберіп отырады. Сол арқылы тарихи шындықтың бетін ашады.

Атап айтқанда, "Өткен күн" атты өлеңінде Еділ мен Ертістің арасын жайлаған қазақтың бір кездегі жайнаған даласы мен көкөрай шалғынды жайлауын, айна көлдері мен алаңсыз күн кешкен тұрмысын, қаһарман батырлары мен әділ билерін, ел тұрмысының сәні болған ұлттық салт-дәстүрлерін мақтан ете отырып: Өткен күнді ойласам, Ойға терең бойласам,

Кешегі қайран қазақтың Сәулеті мен дәулеті – Көз алдыма келеді, – деп, бұдан ары қарай осы тіршіліктің шырқы бұзылғанын баяндайды. Өткенді аңсап емес, қолда бар асылынан айырылғанын өкіне баяндайды.

Оның себебі неде? Бейбіт өмір неге қара түнекке айналды?

Қазақтың қазіргі күйі қандай? Күшің жеткен баяулап, Жүрсің атсыз жаяулап, Ит надандық келкенде Шабайын деп аңдып тұр, Қылышын ұстап таяулап, – деп, ақын сол заманның шындығы арқылы әлгі сауалдарға жауап береді.

Қазақ даласындағы 1917 жылғы төңкерістер тұсындағы жағдайды жырлауда да ақын дәл осындай шыншылдықтан жаңылмады. "Бостандық", "Есімде... тек таң атсын", т.б. өлеңдерінде ақынның халқының тәуелсіздігі жолындағы жанын құрбан етер ерекше қайраты сезіледі. "Бостандық" өлеңінде:

Көк есігі ашылды, Жұмақ нұры шашылды. Келді ұшып бостандық, деп қуанады, бостандықты ізгі періштеге теңейді.

Ақын өлеңдерінде бостандықты аңсау сезімі аса күшті. Екі дүние алмасып, аласапыран болып жатқан тұста өмір сүрген ол халқына тәуелсіздік күнінің жақындағанын сезеді. Әйтсе де оған жету оңай емес. Сенімінен гөрі үміті басымдық ақынның. Осындай көңіл күйде жазылған Мағжан өлеңдерінің бірі – "Сағындым". Өлең абақтыда отырған ақынның жан дүниесінен хабар береді. Қабырғасы қара тас абақты іші қара көлеңке. Сасық иіс қолқаны атады. Кіп-кішкене терезеден келіп жететін жарық та, таза ауа да шамалы. Осындай тар қапаста отырған ақын сары даласын, алыстағы анасын, туған елін, құрдастарын, сүйген жарын сағынады. Содан соңғы сағынары – бостандық.

Бостандықта өткен күнді сағындым, Желдей зулап кеткен күнді сағындым. Жыл құсындай ұшсам, қонсам ерікті, Ойдағыны өткен күнді сағындым, – деп адам баласының еркін өмір сүруін аңсайды. Сол еркіндікке жету жолында абақтының азабын тартып отырғанын ақын өлең жолдарына түсіреді. Онда мұңнан гөрі жеке адамның көңіл күйіндегі кейбір толғанысты сәттердің суреті басымдық. Ақын жырында бостандыққа сенім мол.

Не көрсем де алаш үшін көргенім, Маған атақ ұлтым үшін өлгенім! – деген жолдарда Мағжанның ұлтына, халқына деген шексіз махаббаты сезілісе, одан кейінгі: Қалың елім, қалың кара ағашым, Қайраты мол, айбынды ер, алашым! Өзі-ақ құлар, сырың берме, сабыр қыл, Ақымақтар байқамаған шамасын, – деген жолдардан оның ертеңгі болашақтан үміті, қалай болғанда да осы қиындықтың артында азат күндердің келеріне деген сенімі көрінеді.

Өмірге құштарлық, айналасындағы адамдарға, туған табиғатқа, жер-анаға ғашықтық туралы ойлар – Мағжан өлеңдерінің басты сипаттарының бірі. Ақын нені жырласа да, ерекше махаббатпен, шынайы жүрекпен жырлайды. Сол себепті де оның өлеңдері сырлы, сазды, көркем.

"Сүйемін" атты өлеңін ақын қартайған анасына, күнделікті тұрмыстың жетегінде жүрген қарапайым жарына деген сезімін суреттеуден бастайды. Өлеңде өмірдің жүрекке жылы, көзге таныс суреті бар. Ана да, жар да әркімге қымбат екенін есіңе қайта салғандай. Одан кейін ақын:

Жүрген ескі заңымен, Алдыңдағы малымен Бірге жусап, бірге өрген, Алаш деген елім бар. Неге екенін білмеймін, Сол елімді сүйемін.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ МӘҢГІЛІК

(Жалғасы. Басы 7-бетте).

Сағым сайран құрады,
Бораны ұлып тұрады,
Қыс – ақ кебін, жаз – сары.
Орманы жоқ, шуы жоқ,
Тауы да жоқ, суы жоқ,
Мәңгі өлік сахарасы,
Сарыарқа деген жерім бар.
Неге екенін білмеймін,
Сол Арқамды сүйемін! –

деп, өзінің туған елі мен жеріне деген перзенттік сүйіспеншілігін жайып салады.

Мағжан нені айтса да, бейнелеп айтады. Ол үшін даланың тауы да, суы да, желі де ғажайып. Ақын өлеңдерінде адам мен табиғат астасып жатады. Қай шығармасында да Мағжан осы екі ұғымды бірлікте алып жырлайды. Бір өлеңінде анасына, жарына, жалпы адамға деген махаббатын туған жерге қатысты сезімімен ұштастырып жатса, енді бір жырларында сол табиғаттың асыл жемісі – адамды бәрінен жоғары қояды. Бұған дәлел – "Сен сұлу" өлеңі.

Өлеңде сұлулықтың көркіне көз тоймай, айналғасына таңырқай көз салған ақынның бейнесі бар. Ол айрықша тебіреніс үстінде. Оның көңіліне қуаныш, мақтанш сезімін ұялататын кең даланы гүлге ораған көктемнің арайлы күні, күміс табақтай көкте жүзген сұлу Ай, жібектей есіп, жанды жадыратар Жел, асқар тау, көлде жүзген аққулар, көк аспанда нұрын шашын тұрған Күн. Ақын осы көріністің тамаша картинасын жасайды. Табиғаттың әр құбылысынан, туған жердің әр тынысынан сұлулықтың тамаша белгілерін көреді. Сонда да болса, дүниедегі ең сұлу жаратылыс Мағжан үшін бұл емес. Сұлудың сұлуы – оның жүрегі қалаған сүйікті адамы.

Толып жатыр түрлі сұлу дүниеде, Бәрінен де маған, сәулем, сен сұлу!

Мағжанның таза махаббат тақырыбына арналған лирикасы – аса көркем мұра. Табиғатынан жаны сұлу сыршыл ақын адамның ең асыл сезімін жеткізуге келгенде ғажап шеберлік танытады. "Сүй, жан сәулем", "Сен сұлу", "Жұлдызды жүзік, Айды алқа қып берейін", "Шолпы", т.б. өлеңдерінде Мағжан адамға тән осынау ұлы сезімді аса биікке көтере жырлайды. Ақынның лирикалық қапарманы үнемі ғажайып сезімнің құшағында жүреді. Шын сүю – Мағжанның ұғымында әрі ләззатты, әрі азапты күй. Қуанышы да мол, азабы да аз болмайтын сезім. Ақынның сезімі кіршіксіз мөлдір. Сонымен бірге, ол махаббатқа шексіз адал. Сүйген жанының бір сәттік қуанышын ол патшаның тағына да, дүниенің малына да айырбастамайды. Сүйген жары үшін не қиындыққа да төзуге даяр.

"Жұлдызды жүзік, Айды алқа ғып берейін" өлеңі дәл осындай кіршіксіз махаббаттан туған шығарма.

Сүйгеніне қол созған ғашық жан:

Кел, жұлдызым, жылжып қана жібектей,
Жұлдызды жүзік, Айды алқа ғып берейін, –

деп, жүрек сырын ақтарады. Оның ғашығы – сөзі сиқыр, шашы толқын, күлкісі күміс табақтай сыңғырлаған ғажайып сұлу. Ақын осы сұлулыққа жету жолында бәрін де құрбан етуге даяр ғашық жанының бар сезімін тамаша суреттермен, бейнелі кестелермен береді. Лирикалық кейіпкерінің "көз жасынан меруерт тізіп", тіпті аспандағы жұлдызды жүзік, айды алқа етіп ғашығына сыйға тартқызады. Мағжан – қазақ өлеңінің көркіне көрік қосқан, саздылығы мен әуезділігін әсемдеген ақын. Жоғарыдағы өлеңдерінің бәрінде де ол қарапайым өмір құбылыстарын әсем суретке айналдыра жырлайды. "Толқын", "Шолпы", т.б. өлеңдерінде Мағжан өлеңдеріне тән ерекше бір әуезділігі айқын көрінеді. Мысалы: "Шолпы" өлеңіндегі:

Сылдыр, сылдыр, сылдыр,
Қанымды қайнатты құрғыр.

Шық-шық жүрекке тиеді,

Күлпәра талқан боп сыңғыр, – деген жолдардағы қазақ қызының шашына таққан шолпысының сыңғыры әркімнің құлағына қазір де жетіп тұрғандай әсер береді. Ал "Толқын" атты өлеңінде ақын өмір философиясы туралы толғанады.

Толқыннан толқын туады,

Толқынды толқын қуады,

Толқынмен толқын жарысады, –

деп, ақын айтқандай, өмірдің өзі бірін-бірі қуған, жарысқан осындай толқындардан тұрмақ. Өмір ағысы осындай.

(Жалғасы газеттің келесі санында).

БАЙҚАУ ЖАРИЯЛАЙМЫЗ

«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» КММ, 151000, Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы 197 көшесі, анықтамға үшін телефон: 8 (71536) 21890, электрондық мекен-жайы: 1ovp1@mail.ru бос әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» КММ «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры. Азаматтық қызметшінің А-3 санаты. Лауазымдық жалақы еңбек сіңірген жылдарына байланысты 90785 теңгеден 110075 теңгеге дейін.

Негізгі функционалдық міндеттері:

Коммуналдық мемлекеттік мекеменің жұмысын ұйымдастыру және оған басшылық жасау, басқару органына тікелей бағыну және коммуналдық мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауапты болу. Мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүдделерін білдіру. Келісім-шарттар жасасу. Сенімхат беру. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің іссапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқыту және қызметкерлердің біліктілігін арттырудың өзге де түрлері бойынша тәртібі мен шарттарын бекіту. Банк шоттарын ашу. Барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығару және нұсқаулар беру. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдау және жұмыстан шығару. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне көтермелеу шараларын қолдану және тәртіптік жаза қолдану. Өз орынбасарының (орынбасарларының) және коммуналдық мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік шеңберін айқындау. Ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтауы үшін дербес жауапты болуы. Жеке және заңды тұлғалардың азаматтарын қабылдауды жүргізу, электрондық құжат айналымы (Интегро) жүйесінде жұмыс істеу дағдыларын меңгеру. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің жарғылық мақсаттарын іске асыру үшін оның қызметін жүзеге асыру жөніндегі жұмысын ұйымдастыру және үйлестіру. Қазақстан Республикасының заңнамасымен және жарғымен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын негізгі талаптар:

Жоғары білімінің болуы: «гуманитарлық ғылымдар», немесе «техникалық ғылымдар және технологиялар», немесе «білім», немесе «құқық», немесе «әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес».

Мамандығы бойынша экономика саласы кәсіпорнының бейініне сәйкес басшы лауазымдарда кемінде 5 жыл жұмыс

өтілінің болуы.

Мынадай құзыреттердің бар болуы: стресске орнықтылық, бастамашылдық, жауапкершілік, қызметті тұтынушыға және оны хабарландыруға бағдарлану, адалдық, өздігінен даму, жеделділік, ынтымақтастық және әрекеттестік, қызметті басқару;

Конкурс мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және аттестаттаудан өткізу, сондай-ақ оның кандидатурасын 2015 жылғы 4 наурыздағы № 10379 келісу Қағидалары негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін келесі тұлғалар қабылданбайды:

- 1) он сегіз жастан кіші;
- 2) бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адам судья бола алмайды;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

Конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар тапсырылады:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
- 3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
- 4) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 5) еңбек кітапшасының көшірмесі;
- 6) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама. Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнынан басшылықтан ұсынымдар және тағы басқа) ұсына алады. Құжаттардың толық емес пакетін немесе дәйексіз мәліметтерді ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады. Конкурсқа қатысуға үміткер адамдар үшін құжаттарды қабылдау бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс өткізу туралы жарияланған күннен бастап күнтізбелік 15 күн өткен соң аяқталады.

Осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген барлық құжаттар болған, сондай-ақ адам осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келген кезде Комиссия құжаттарды қабылдау аяқталған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде құжаттарды берген адамды конкурсқа қатысуға жіберу туралы шешім қабылдайды. Конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың тізімі бекітілгеннен кейін Комиссия конкурсқа қатысушылар ұсынған құжаттарды зерделейді және 10 күнтізбелік күн ішінде конкурсқа қатысушылармен әңгімелесу өткізеді.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» КММ өтеді.

Конкурсқа қатысушылар мен кандидаттар конкурс комиссиясының немесе персоналды басқару қызметінің шешіміне уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшесіне, не сот тәртібінде шағымдана алады.

ЖЕМҚОРЛЫҚ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАУ ӨТЕ МАҢЫЗДЫ!

«Петропавл автовокзалы» ЖШС өкілдері, жемқорлыққа қарсы жобаның волонтерлері жұртшылықтың назарын аударды.

Облыс ішілік 45 маршруттар еріктілер Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің колл-орталығының нөмірі – 14 24 бар материалдарды таратты.

Петропавл автовокзалының орташа жолаушылар ағыны күніне шамамен 1000 адамды құрайды. Енді ауыл тұрғындары жол бойында жемқорлық фактілері туралы хабарлауға болатын байланыстарды жазып қана қоймай, жемқорлыққа қарсы бейнероликтерді де көруге мүмкіндік алады.

Естеріңізге сала кетейік, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі «Жемқорлыққа қарсы волонтерлік» жобасын іске қосты.

Жобаның әлеуетті волонтерлері белсенді азаматтар, қоғамдық ұйымдар, студенттер, студенттік ұйымдар, зерттеу орталықтары, адвокаттар, нотариустар, сот орындаушылары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицерлер, сарапшылар, мамандар, мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері, жеке ұйымдар және т.б. бола алады.

Жоба шеңберінде мынадай бағыттар көзделген: қоғамдық бақылау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы зерттеу және ағарту, Pro Bono волонтерлік (кәсіби көмек көрсету) және корпоративтік еріктілік.

Атап айтқанда, «корпоративтік еріктілік» бағыты бойынша квазимемлекеттік сектор мен бизнес субъектілері берілетін құжаттардың (талондардың, түбіртектердің) артық жағында сыбайлас жемқорлыққа қарсы баннерлерді орналастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырып бойынша push-хабарламаларды жіберу және ұйымның ерекшелігін ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы контентті ілгерілету арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке өз үлесін қоса алады.

СҚО бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі.

Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021 – 2025 жылдарға арналған ұлттық жоба шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік гранттар қағидаларына 3-қосымша

КОНКУРС ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

Конкурсты ұйымдастырушы: Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы.

Электрондық пошта мекенжайы: msb38@sqo.gov.kz; байланыс телефоны 8 (715) 2 36 13 62

Конкурстың нысанасы: кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021 – 2025 жылдарға арналған ұлттық жоба шеңберінде кәсіпкерлерге мемлекеттік гранттар беру. Конкурс нысаны: ашық конкурс.

Конкурсқа қатысу үшін өтінім беру орны: KEZEKTE.KZ субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің веб-порталы.

Конкурстық құжаттаманы ұсыну тәртібі: конкурсқа қатысу үшін үміткерлер бекітілген нысан бойынша электрондық өтінім мен конкурстық құжаттаманың толық пакетін ұсынады.

Өтінімдерді ұсыну мерзімі: 2023 жылғы «02» - «06» қазанды қоса алғанда дейін. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін түскен өтінімдер қабылдауға жатпайды.

Осы хабарландырумен және конкурстық құжаттамамен өңірлік үйлестірушінің ресми сайтында танысуға болады: <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-kasipker?lang=ru>

Қысқы Жылыту Мерзіміне Дайынсыз ба?!

Қыстың қамын жаз ойлайтын солтүстік қазақстандықтар қауырт маусымға қызу дайындық үстінде. Өңір тұрғындарына жылыту маусымынан шығу үшін ағаш, көмір дайындауды қате қылмайды. Көмірді арнайы белгіленген орындардан, арнайы көмір қоймаларынан барып алуға болады. Ал, тайыншалықтар үшін ағаш мәселесі қиын. Ендеше, бізге келіңіз, қысқы жылыту маусымында қысылмаңыз. Бар болғаны мына телефон номерлеріне хабарласыңыз: 77- 4 - 26, 87778839255. **Үйіңізге жеткізіп береміз!**

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп, №10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылып 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 309. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Солтүстік Қазақстан облысы,
Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:
8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.